



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

# Орталық Қазақстан

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/


БЕЙСЕНБІ, 18 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №79 (23 401)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Технократ дәуірі дабыраны көтермейді



Кейінгі жұрт бейіт салудан жарысқан еді. Қорымдардың арасынан биік-биік күмбездерді байқайсыз. Бірі-бірінен өтеді. Бұл астамшылық бір уақытта халық арасында қызу талқыға түсті. Қазақ байтағында аруақтар қаласы тірілердікінен қалыспай келеді. Коммуникациясы мен коммуналдық жүйесі жоқ демесіңіз... Ендігіде бай-бағландар мешіт салудан алдына жан салмай жатыр. Мешіт салып, ашылуына орай ұлан асыр той өткізу сән болып тұр. Бұны теріс деуден аулақпыз, әрине. Дін қуатты болсын дейтін ел едік. Бірақ, мектебі, кітапханасы тозған ауылдар бар. Бұл мәселені ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайды үшінші отырысында көтерген. «Өңірлерде өз қаражатына мешіт салып жатқан кәсіпкерлердің шынайы, игі ниеттерін түсінеміз. Бірақ жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай, спорт кешендері салынса, мешіт салғаннан кем емес игілікті және пайдалы іс болар еді. Ұрпақтары осындай нақты істерді бағалап, риза болатынына сенімдімін» деген. Мешіт салудағы ниет қандай және құлшылық үйлері ұлт болашағы үшін недей рөл атқармақ?



Қолжазба жасаған Ш.Алибеков

Қарқаралы басында Мәди Бәпиұлы атындағы зуолім мешіт мүміндерге есігін айқара ашты. Құлшылық үйі сол өңірдегі бай-бағландардың қолдауымен бой көтерді. Той іздеген жұрт Қарқаралыға ағылып, дүбірі шартарапқа жетті. Қуанған ел серке тартты, жүйрік жарыстырды. Той бір күндік дабырамен өте шықты. Ал, аудан орталығынан 40 шақырым жерде орналасқан Қасым Аманжолов ауылында жаңа мектеп салынып бітпей жатыр. Ауыл әкімі Ербол Исатайұлының айтуынша, құрылысы 2022 жылы басталған. Былтыр іргетасы қисық бо-

лып, қайта бұзылғанына өзіміз де куәміз. Қыркүйекте балалар жаңа мектепте оқи ма, жоқ па? Белгісіз. Ескі мектеп қауіпті. Қабырғалары темір тіреулердің арқасында ғана әзер тұр. Өне-міне құлайын деп тұрған ғимаратқа оқушыны қалай отырғызып қоясыз?! Ата-ана да баласын жібергісі жоқ. Сол ауылдық округке қарайтын ауылдардың кітапханалары бұрынғы қабырғасы қырық жамау тапал ғимараттарға жайғасқан. Кейінгі жылдары бұл ауылдық округтен озат оқушылар шығып, лег-легімен түрлі деңгейдегі білім

олимпиадаларынан жүлде алуда. Стандартқа сәйкес қауіпсіз мектеп, жаңа кітапхана салынса...

### «Бай болсаң,

### халқыңа пайдан тисің»

Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапхананың кітапханаларды дамыту бөлімінің басшысы Айгүл Қауенқызының сөзінше, ауылдық, тіпті, аудан орталықтарындағы кітапханалар заман талабына сай келмейді.

► 6-бет

### • РЕСМИ

## Идея игілікке бастайды

Business.enbek.kz порталында 15 шілдеден бастап, екінші лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін грант алуға өтінімдер қабылдана бастады. Республика бойынша 4 655 адамға грант беру жоспарлануда. Гранттар қайтарымсыз негізде беріледі, мақсаты – жаңа бизнесті бастау және дамыту.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Грант ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өтінім беру үшін аталған порталда тіркеліп, грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеру керек. Себебі, аталған грант конкурсына кез келген адам қатыса аламайды. Оған ресми тіркелген жұмыссыздар, жеке кәсіпкерлер (тіркеу мерзімі 3 жылға дейін), мүгедектігі бар адамдар, қандастар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшелері, көпбалалы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасы мүшелері және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар үміткер бола алады.

Осы санатқа жататын адамдар конкурсқа қатысу үшін бизнес-жоспар үлгісін жүктеп, оны толтырады және порталға енгізеді де, электронды цифрлық қолтабамен қол қояды.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығаны туралы сертификаты болуы тиіс. Және оның мерзімі 3 жылдан аспауын ескерген жөн. Интернетке қосылу мүмкіндігі немесе компьютері жоқ болса, мансап орталықтарының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында, халыққа қызмет көрсету орталықта-

рында өтінім беруге болады. Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, адами факторды азайту, өтініш берушілерге ыңғайлы болу үшін барлық процес электрондық форматқа ауыстырылды. Грантты қажетті құрал-саймандарды, енбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, мал, құс, көшеттер мен бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеуге қолдануға болады. Грант қаражатын тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге пайдалануға болмайды.

Үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырып, қорғайды. Грант беру туралы шешім комиссиялық түрде және үміткерлердің бизнес-жобаларының пысықтау негізінде қабылданады. Комиссия шешімі үміткердің порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Оң шешім алған үміткер тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі Еңбек мобильділігі орталықтары мен оның филиалдарына бармай-ақ электрондық форматта жасалады.

Қарағанды облысында бұған дейін халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 118,121 млн. теңге сомасында 80 грант берілді. Екінші лек аясында 152,18 млн. теңге сомасында 103 грантты беру жоспарланған.



Сурет ашақ.репортмен

### • ӨЗЕКТІ

## Сарсаңға салған самокат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Мұны Парламент Сенаты мақұлдады. Заң Мәжіліс депутаттарының бастамасымен әзірленді. Ал, заңның көздегені – шағын электр көліктерін, сондай-ақ, электр самокаттарын пайдалануды заңмен реттеу. Қысқаша айтқанда, көшедегі көк самокаттың «жүріс-тұрысын» «тәртіпке» шақыру.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көшедегі көк самокаттарға қазір көз үйренген. Әсіресе, сауда үйлері мен қозғалысы көп жерде жиі кездеседі. Бір көрмеге, әрине, міне салып, жүйіткіте жөнесп, шаруанды шешіп келуге таптырмас көлік. Өзі шағын, әрі құжатты да талап етпейді. Жаяу жүргіншілер жолымен именбей зулауға болады. Міне, осы тұста көк самокат қауіп тудырады.

– Көшеде аңқаусыз жүріп, аңдаусыз тұрудан қалдық. Қай жағымыздан зуылдай келіп, қағар екен деп күдіктен зәрезап болдық. Түнеукүні түсік үзілісте дүкенге шыға қойып, жаяу жүргіншілер жолымен кетіп бара жаттым. Ту сыртыман қалай келіп қалғанын білмеймін, бір самокат тар жолда қағып, құлатты да кетті. Жарайды, жол тар, сыймай қалған болар. Бірақ, тоқтап бұрылып, қарап, құлаған жанның жағдайы

қалай екенін сұрау қайда?! Адамдықтың жоқтығы ма бұл? – деп ашынысын жеткізді Қарағанды медицина университетінің аға оқытушысы Нұрғұл Мейрамова.

Әлеуметтік желіде самокатшылардың құлағын шулатқан бейнероликтер толып жүр. Облыстық полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, аймақта жаз шыққалы көмелетке толмаған самокатшылар қатысуымен 2 оқиға тіркелген. Нәтижесінде 3 адам зардап шегіп, ауыр дене жаракатын алған көрінеді.

– Заң адамзат игілігі үшін қашан да. Самокаттан зардап шеккендер аз емес. Әрине, бұған мемлекет бей-жай қарамасыз. Заң бойынша электр самокаттардың жолда жүру ережесі шектеледі. Электр самокаттары көлік құралы деп танылды. Қозғалыс жылдамдығы сағатына 25 шақырымнан аспауы керек. Электр самокат мінгендерге велосипед жолдары мен жол жиектерінде шектеусіз қозғалуға болады.



Ал, жаяу жүргінші жолында қозғалысы сағатына 6 шақырымнан аспайтын жылдамдықпен ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар, автобус жолағын қоса алғанда, автокөлік жолының жүріс бөлігінің оң жақ

шеткі жолағымен жүруге жол беріледі. Алайда, бұл үшін жүргізуші 18 жастан асқан, түймелі дулыға мен қарсы көлік құралына шағылысатын киімде (тәуліктің қараңғы уақытында) болуы керек және

кез келген санаттағы жүргізуші куәлігіне ие болуы міндетті. Жолаушы немесе жүк тасымалдауға қатаң тыйым салынды, – дейді жергілікті полиция басқармасының аға инспекторы Виктория Малышқы.

Виктория Малышқының сөзінше, егер электр самокат мінген жүргінші ереже бұзса, оны ішкі істер органдары қызметкерлері тоқтатып, қос бап бойынша жауапқа тартуға толық құқылық көрінеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 593-бабы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін сақтамағаны үшін 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни, 17 250 теңге айыппұл салуға міндетті.

Бұдан былай электрлі көліктерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жүргізуші куәліктерін және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін дайындау саласында мемлекеттік монополия енгізіледі деп күтілуде. Бұл қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына беріледі. Ендігі жерде электр самокатшылардың самокаттарында мемлекеттік номері, ал, өздерінде жүргізуші куәлігі болса, таң қалмаймыз.

Сурет автордан



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

## Экологиялық теңгерім, қолайлы орта

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясында халық қалаулылары қалалар мен елдімекендерді абаттандыру, облыстағы жасыл желектерді құру, күтіп ұстау және қорғау қағидаларын бекітті. Әр салаға қатысты проблеманы көре біліп, мақсатты жұмыс жасайтын депутаттардың әр сессия сайын қабылданатын шешімдеріне облыстың әл-ауқаты тікелей байланысты. Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың басшылығымен өткен сессия жұмысына облыс әкімінің орынбасарлары, облыстың басқарма басшылары қатысты.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Елдімекендердің жасыл қорын дамытудың негізгі мақсаты – экологиялық теңгерімді, әсіресе, жазда оңтайлы температуралық режимді, ауа ылғалдылығын сақтау, ластанудан қорғаумен қатар, сәндік-эстетикалық, қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру.

Сессия барысында қабылданған көгалдандыру саласындағы қағидаларда жасыл желектерді құру және күтіп ұстау жөніндегі талаптармен қатар, оларды есепке алу, қорғау және қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер көзделген. Облыс тұрғындарының өмір сүруі үшін қауіпсіз, жайлы, экологиялық қолайлы ортаны қамтамасыз ету үшін бұл

қағидалар өте маңызды.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Сәттібаевтың айтуынша, қағидалардың жобасы бұған дейін тұрақты комиссиялардың отырысында жан-жақты қаралған.

Сессия барысында қаралған келесі мәселе – абаттандыру. Атап айтқанда, депутаттар абаттандырудың типтік қағидаларын бекітті. Бұл қала үшін өте маңызды. Яғни, олар қысқы және жазғы кезеңдерде аумақты жинауды ұйымдастыру, сыртқы жарықтандыру нысандарын, көріз желілерін, су бұру құрылыстарын, уақытша құрылыстарды, мүсіндер мен шағын сәулет нысандарын, балалар-ойын және контейнерлік алаңдарды күтіп ұстау мәселелерін қамтиды.



Қағидалар бекіту барысында халық қалаулылары тұрғындар көтеретін мәселелерді назарға алғанын айту керек.

Сондай-ақ, кезектен тыс сессияда инфляция деңгейін ескере отырып, индекс-

теуге байланысты 2024 жылға арналған Қарағанды облысының жер үсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілді.

– Төлемақы ставкалары тиісті жылғы

инфляцияның ресми деңгейін негізге ала отырып, жыл сайын индекстеледі. Инфляция деңгейіне қолданыстағы ставкаларды арттыру су пайдаланушыларды су үнемдеуге ынталандыруға, тиімді су айналымы жүйелері мен су үнемдеу технологияларын енгізуге, сондай-ақ суды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруға ықпал етеді, – дейді облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев.

Сессия соңында Нұркен Кобжанов XVI сессия барысында маңызды құжаттар қабылданғанына тоқталды.

– Жалпы, қағидалардың мақсаты – облыс тұрғындары үшін қауіпсіз, ыңғайлы және экологиялық қолайлы орта құру. Жергілікті атқарушы органдар осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Елдімекендеріміз халықтың өмір сүруі үшін ыңғайлы болуы маңызды. Бұл аумақтарды одан әрі дамыту жөніндегі жоспарларды іске асыру кезінде міндетті түрде ескерілуі тиіс, – делі Нұркен Сайфиддинұлы.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• БРИФИНГ

## Дау мұраты – біту

Тараптарды татуластырып, шешім қабылдауға көмектесетін медиация қызметі жыл өткен сайын танымал болып келеді. Мәселен, биылғы алты айда Шахтинск қалалық сотында татуластырушы судьялардың қатысуымен 62 іс аяқталса, татуласуға байланысты 78 талап арыз қайтарылған. Бұл тараптарға уақыты мен қаржысынан бөлек, ең бастысы – денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл туралы Шахтинск қалалық сотының төрағасы Жанна Мырзахметованың қатысуымен өткен өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында белгілі болды.



Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жанна Мәжитқызы «Дер кезінде жасалмаған дұрыс қадам кейін шақырымға айналып кетеді» дейді. Әсіресе, бұл сотқа келіп түсетін азаматтық істерге қатысты.

– 2022 жылғы қаңтардан Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне өзгерістер енгізілген болатын. Соған сәйкес, татуластырушы судья ұғымы енгізілді. Татуластырушы судьяға жанжалды сотқа дейінгі тәртіппен бейбіт жолмен шешу, дауды сот талқылауынсыз шешу үшін барлық талаптар келіп түседі. Сол арқылы ажырау дауларын шешкен кезде медиация тәртібімен мүлкіті бөлу, балаларды күтіп-бағу және тәрбиелеу, ортақ борыштарды бөлу бойынша барлық даулар шешіледі, – дейді Жанна Мырзахметова.

Одан бөлек, Кодекске енгізілген өзгерістер бойынша, сотқа дейінгі хаттаманың жаңа тұжырымдамасы енгізілген.

Ол жөнінде тараптар татуластырушы судьяға қандай талаптары бар екенін айтып, дәлелдемелерін ұсынады. Ал, судья өз кезегінде дауды бейбіт жолмен, яғни, медиация арқылы реттеу үшін қандай жолдар бар екенін көрсетеді.

Жанжалды осындай жолмен шешу істі сотқа дейінгі хаттамасыз 10 жұмыс күні ішінде шешуге мүмкіндік береді. Ал, егер тараптар медиация арқылы шешуге келіспесе, талап арыз сот тәртібімен қарайтын судьялардың қарауына беріледі.

– Дауды медиациялық жолмен шешу кезінде біріншіден, шешімді сот емес, тараптар өздері қабылдайды. Сот тек осы келісімнің азаматтық заңнамаға сәйкес келуін, үшінші тұлғалардың мүдделері мен құқықтарын қозғамауын қадағалайды және оны бекітеді. Екіншіден, бұл дауды шешу мерзімдері, егер медиативтік келісімге қол жеткізу үшін 10-нан 15 жұмыс күніне дейін уақыт кетсе, дауды сот тәртібімен шешу үшін екі айдан екі жылға дейін уақыт кетеді. Үшіншіден, медиация сәтті аяқталған кезде жеңімпаздар

да, жеңілгендер де болмайды. Жанжалға қатысқан тараптардың бәрінің мүддесі қорғалып, жеңіске жетеді, – дейді Жанна Мәжитқызы.

Ал, тараптардың біреуі міндеттемелерін орындамаса, онда жазбаша іс жүргізуде мәжбүрлеп орындау туралы арызбен сотқа жүгіне алады. Бұл ретте сот тараптарды шақырмай, Азаматтық процесілік кодекстің 135-бабының 3-тармақшасы тәртібімен үш жұмыс күні ішінде сот шешімін шығара алады.

– Конституциямыздағы бірінші құндылық – азаматтарымыздың денсаулығы мен өмірі. Сондықтан, медиациялық келісімге келу кезінде апелляциялық сатыдағы судьялардың да уақыты сақталады. Тараптар өз уақыттарын, ақшаларын және ең бастысы – денсаулығын сақтайды, – дейді Жанна Мырзахметова.

Судья төрағасы сотқа жүгінетін тараптардан татуластыру рәсімін өткізу үшін татуластырушы судьялардың ұсыныстарына қарсы болмауға, медиатордың кеңестеріне құлақ асуға кеңес береді.

• МЭЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Шегірткеден шығын келмесін десек...

Биыл еліміздің басым бөлігінде егін бітік, шөп қалың шығып, малға жақсы жайылым болып тұр. Жаз ортасы ауа басталатын шабындық жұмыстары да берекелі болуы тиіс. Тек бір әттеген-айы – даланы шегіртке басып кетті. Бұл болжанбаған нәрсес емес. Облысымызда, оның ішінде Қарқаралы ауданында саяқ шегірткемен күреске бюджеттен арнайы қаражат бөлініп, алдын алу шаралары жыл сайын жүргізіледі. Егістіктер мен жайылымдарды өңдеу шағын авиаконпаниялардың көмегімен жүргізіледі.

Болатбек ӘШМУЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Қарқаралы ауданында химиялық өңдеу қажет деген жалпы аумағы 7,44 мың гектар жер болжанған еді. Осы аумақтарды саяқ шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 2-12 шілде аралығында жүргізілді. Атап айтқанда, ауылдық округтерден: Қаршығалының – 1,0 мың гектар, Қайнарбулақтың – 1,0 мың гектар, Қ.Аманжоловтың – 1,5 мың гектар, Н.Әбдірәттің – 0,5 мың гектар, Томардың – 0,5 мың гектар, Теміршінің – 0,94 мың гектар, Ынталының – 2,0 мың гектар жері өңделді.

Саяқ шегіртке тектес зиянды организмдерге қарсы бұл жұмыстарды Александр Камышний басқаратын «Сандерс» ЖШС жүзеге асырды. Серіктестік ұшқыштары ауылдық жерлердің ерекшеліктерін жақсы меңгерген және Қарағанды облысында шегіртке зиян-

кестерімен күресте мол тәжірибесі бар мамандар. Сондықтан, өңдеу жұмыстарынан кейін шегірткеден келер шығын жоқ.

Егістік жерлер өңделгенімен, шабындықтарды түгел қамту мүмкін емес. Жауын аралатып, күннің райы жайлы болғандықтан шөп те жақсы. Өлеңге тарта ма, өрісті қыбырлаған жәндік басты. Әсіресе, бітік шыққан шөпті шегірткелер шабындыққа жеткізбей қырып тастай ма деген қауіп күшті. Сондықтан, биыл шөп шабу науқаны ерте басталуы тиіс. Өткен жылдары мал азығынан қысылған ауыл жұртына жер-ана биыл жомарт, тек ертерек қарекет жасаған абзал.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан



• ТРЕНИНГ

## Жазатайым жағдайда қайтпек керек?

Қарағанды қаласындағы Отбасын қолдау орталығы көпбалалы аналарға жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде тренинг өткізді. Тренерлер, атап айтқанда, төтенше жағдайлар қызметінің қызметкерлері, медицина және апаттар орталығының дәрігерлері, психологтар биіктен құлап жарақат алғанда, улану, суға бату және құрысулар кезінде қалай әрекет ету керектігін айтты. Ал, тыңдаушылар білімдерін тәжірибелік сабақтарда тексеруге мүмкіндік алды.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жаз кезінде балалар көп жағдайда өз беттерімен жүреді. Түрлі оқиғаға ұшырайтындары да дәл осы кезде. Мәселен, жаз басталғалы елімізде жүзден астам бала терезеден құлап кетті. Ал, Қарағанды облысында 14 бала. Олардың екеуі, өкінішке қарай, қайтыс болды. Осындай жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында тренинг өткізіп отырмыз.

Тренинг барысында көпбалалы аналарға қандай да бір жағдайда өзін қалай ұстап, қалай әрекет ету керектігін көрсеттік, – дейді Қарағанды қаласының төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Петимат Якубова.

Төтенше жағдайдағы ең маңызды ереже – сабырлық сақтау және жағдай туралы құтқару қызметіне жедел хабарлауға тырысу керек екенін айтады тренерлер. Бұл, әсіресе, өмірге қауіп төніп, әр сәт санаулы болғанда маңызды.



– Мамандығымызда ең өкінішті сәт – құтқаруға уақыт жетпей қалатыны. Біз дер кезінде көмек көрсетіп үлгеруіміз үшін оқиға куәгерлері төтенше жағдай туралы дереу хабарлауы тиіс. Балаларға өрт кезінде қалай әрекет ету керектігін немесе олардың көз алдында біреу батып жатса, не істеу керектігін үйреткен дұрыс. Бұл дағдылардың барлығы әркімге өте қажет, – дейді Апаттар медицинасы орталығының дәрігері Алмагүл Алдабекова.

Сонымен қатар, тренинг барысында аналарға жанама жүрек массажын жасау көрсетіліп, ұстама кезінде адамды қалай дұрыс жатқызу керектігі айтылды.

«Мұндай практикалық сабақтар тұрақты негізде өтеді», – дейді Отбасын қолдау орталығының қызметкерлері.

# Болашақ бүгіннен басталады



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс», – деген болатын.

Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігінде бой көтерген сарайда аймақтың жас тұрғындары үшін робототехника, VR сәулет өнері секілді үйірмелердің түр-түрі бар. Бала дарынын дамытып, шығармашылық бағытта шындайтын «Кәусармен» таныстық.



дықталған мұғалімнің орны, студенттік үстелдер мен орындықтар, интерактивті панель қойылған. Ою станогы әрі ашық хаттар жасауға арналған түрлі жиынтықтар, ринстон, зергерлік бұйымдар мен скрапбукингтен суреттер жасауға арналған, – дейді мұғалімдер.

Ал, жазу студиясы вокалды жазу, аранжировка, музыкалық материалды игеру, түпнұсқа мәтіндер мен музыканы жазуға арналған. Студияда фильмдер мен бейнелерді дауыстауға және қайта дыбыстауға кен мүмкіндік бар.

Сарайдағы телевидение және фотостудия жасөспірімдерге ұжымдық және ұйымдастырушылық жұмыс үшін қажет.

емес, сонымен қатар, іздеу жүйелерінің ерекшеліктерін ескере отырып, жобаның үлгісін жасауға сеп. Дизайн студиясында интерактивті панель, МФУ-принтер, компьютерлік үстелдер мен орындықтар, виртуалды шындықта мазмұн жасауға арналған кәсіби ноутбуктер, дербес және жоғары өнімді виртуалды шындық дулығалары, айналымдағы бактериялық сәулелендіргіш бар.

Мұғалімдердің айтуынша, Intellectum-студиясында бала қоршаған әлемді толық білуге көмектесетін әртүрлі ойлау жүйелерін оңай игереді. Ойын ортасы тиімділіктің кепілі болғандықтан, балалар шыдамдылықты, жоспарлауды үйренеді. Студия студенттік шахмат мобильді тақтасы, компьютері бар мұғалімге арналған орын, айналымдағы бактериялық сәулелендіргіш, басқатырғыштармен жабдықталған.

## Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

### Салтанатты сарай

Қазіргі таңда ауданның кішкентай тұрғындары қала орталығына бармай-ақ ғимараттағы көптеген қызықты үйірмелерге қатысып жүр. Бүгінде оқытушылар саны – 18.

Бірінші қабатта HI-TECH цех және шығармашылық шеберхана, хореография залы және ART студия орналасқан. Ал, екінші қабатта жазу және теледидар студиясы, фотостудия бар. Сондай-ақ, сарайдан VR-сәулет және Веб-дизайн студиясын, робототехника және техникалық шығармашылық зертханасын және STEM зертханасы мен музыкалық студияны, экологиялық орталықты көруге болады.

– Оқушылар сарайының жалпы ауданы 3 мың шаршы метр. Кең әрі әдемі ғимаратта өзіне ұнайтын үйірмені таңдауға мүмкіндік мол. Мүмкіндігі шектеулі балалардың да жағдайы жіті қарастырылған. Сенсорика және моториканы дамытуға арналған көптеген құрылыстар бар. Мысалы, ауа көпіршікті қолба – көру мен естуді, тактильді сезімдерді жетілдіреді. Құрғақ душ баланың еркіндігін дамытуға, боасауға арналған. Оның көмегімен бала жаңа түстерді қызықты түрде есте сақтай алады. Инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған, – деп атап өтті «Кәусар» сарайының директоры Әйгерім Исебекова.

### Заманауи жабдықтар дамуға сеп

– Ғимараттың бірінші қабатындағы HI-TECH цехінде 3D принтерлер, CNC станоктары және басқа да заманауи жабдықтармен жоғары технологиялық прототиптеу зертханасы бар. Мұнда идеялардың басым бөлігі инженерлік өнімдерге, электронды компоненттер жасауға, металды, ағашты, пластмассаны CNC машиналарында өңдеуге, 3D басып шығаруға бағытталады, – дейді Әйгерім Исебекова.

Сондай-ақ, сарай ішіне оқушыларға арналған цех компьютері, интерактивті панель, ноутбуктер де қойылған.

Шығармашылық шеберханасы балалардың бастамасы мен шығармашылығына қолдау береді. Олар тігін, кесте тігу және тоқу станогында жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Модельдердің эскиздерін жасау үшін кре-



кер мольберттері қарастырылған. Шеберханада қыз балаларға арналған тігін машиналары, тоқу машинасы, оверлок, қол тоқу станогы, кесуге арналған үстел үтіктері бар. Сондай-ақ, манекендер, шкафтар, айналымдағы бактериялық сәулелендіргіші бар мұғалімге арналған орынмен жабдықталған.

Хореография залы да музыканы мазмұнды беруге арналған жүйеге толы.

### ART студияда мүмкіндік мол

Майлы акварель, қарындашпен сурет салуға бейімдейтін ART студияда акрил, гуашь, пастель бояулары да қолданылады. Сурет салу бағыты да қазірдің өзінде балалардың өнерін дамытуға әрі өзін көрсетуге үлкен мүмкіндік.

– Бұйымдар гипстен жасалады. Студияда компьютермен жаб-

Студия журналистика әлемінің қыр-сырына іс жүзінде үйілуге мүмкіндік береді. Осы орайда балалар өздерін оператор, дыбыс инженері, монтаж режиссері, продюсер, диктор, дыбыс операторы ролінде байқап көреді. Шығармашылық жұмысын жүзеге асыру үшін студияда интерактивті панель бар.

– Бүгінде теледидар және фотостудияға арнайы маман тарту жұмыстары жалғасуда. Бұл салаға балалар қызығушылық танытып отырғандықтан, кәсіби шебер мамандарға сұраныс басым, – дейді Әйгерім Әуезқызы.

### VR сәулет және веб-дизайн студиясы

Көбінесе архитектурадағы VR – тұжырымдамаларды ұсыну үшін қолданылады. Веб-дизайн көркемдік талғамды көрсету ғана

Робототехника және техникалық шығармашылық зертханасы – ғылымға, техникаға, шығармашылық ойлауға, стандартты емес шешімдерге деген қызығушылықты дамытудың бірегей нысаны.

### Зертхана тың тәсілге жүгінеді

STEM зертхана бүгінде оқудың озық тәсіліне жүгінеді. Жаратылыстану, технология, инженерия және математика сабақтарын біріктіретін оқу бағдарламасы зертхана эксперименттерін жүргізуге арналған. Экологиялық орталықта жобалық-зерттеу жұмыстары, өсімдіктерді өсіру, жабық өсімдіктердің түрлерімен танысу жұмыстары жүргізіледі. Орталықта тірі өсімдіктер аймағы да қарастырылған.

– Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға да бар жағдайлар жасалған. Осылайша Оқушылар сарайын жастар үшін болашақтың іргетасына айналдырмақпыз. Сарайда балалар өз әлеуеттерін ашып, өздерін спортта, ғылымда немесе шығармашылықта тауып, білімдерін тереңдетіп, бос уақытын тиімді өткізетін болады. Бұл үшін барлық қажетті жағдайлар жасалып, ең жаңа технологиялық жабдықтар қойылған. Оқушылар сарайы Пришахтинскідегі бірінші қосымша білім беру ұйымы, нысаны болғандықтан, қаланың білім беру инфрақұрылымын стратегиялық дамытуға ықпал ететін болады, – дейді Әйгерім Исебекова.

Сарайда, сондай-ақ, көпшілікке ұнайтын IT кітапхана бар. Кітапхана маңызды жұмыс аймағы болғандықтан ерекше сұранысқа ие. Концерттер, конкурстар, жарыстар өткізуге болатын үлкен акт залы, коворкинг аймақ та бар. Ашық аулада түрлі шаралар өтпек.

Оқушылар сарайының айналасы абағтандырылғандықтан, футбол алаңында алаңсыз доп теуіп, саламатты өмір салтымен айналысуға болады.

– Сарайдың ашылуын асыға күттік. Қызым Софье 4,5 жаста болса да, сарайда хореографиямен айналысқанды ұнатады, – дейді аудан тұрғыны Татьяна Рихтер.

Суреттерді түсірген Жәңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

# «JUMYS TAP»: жаңа өмірге қадам

Мемлекет басшының тапсырмасы аясында жүзеге асқан «JUMYS TAP» жобасы халықты жұмыспен қамтуға бағытталған. Осы орайда «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ересектерге арнап өткізетін қысқа мерзімді курстары жастар үшін де тиімді. Бүгінде жобаға қатысатын білім ошақтары қатарында Қарағандыдағы 5 және Теміртаудағы 2 колледж бар. Білім ордаларында оқыту 1 тамызда басталады.



## Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, қысқа мерзімді курстар 48 мамандық бойынша өтеді. Оның ішінде, тігінші, шаштараз, шиномонтажшы, электр газ дәнекерлеуші, автомобиль фараларын реттеуші, аяқ киімді жөндеу және кілт жасаушы, сайттарды әзірлеушілерге арналған қызықты ұсыныстар бар.

Сондай-ақ, бейнемонтаж, графикалық дизайн, мобилография, маркетинг, таргетолог, ыдыс жуушы, сылақшы-суретші, коғалдандырушы, көгал шабушы, аумақтарды жинаушы, арнайы үй-жайларды жинаушылар да осы тізімде. Мәселен, «Графикалық дизайнер» мамандығын игергендер логотиптер, сыртқы жарнамалар, әртүрлі символдар, компанияның немесе брендтің фирмалық стилін жасайды.

– «Графикалық дизайн» мамандығы графика мен мультимедиа саласындағы кәсіби маманды дайындайды. Олар веб-сайттар, кино, теледидар, жарнама, білім беру мекемелерінде, жобалау және өндірістік фирмаларда, корпоративтік компанияларда жұмыс істей білуі керек. Виртуалды шындықты компьютерде жасап, содан кейін нақты өмірге көшіреді. Сондықтан, бұл мамандықта тәжірибенің болуы маңызды.

Біліктілік бойынша ойдағыдай білім алып, жемісті жұмыс істеу үшін осы салаға қызыққан жастың информатика және сызудан хабары болуы тиіс. Көп жағдайда жұмыс компьютермен жүретіндіктен, біліктілік деңгейіне және тәжірибесіне байланысты жалақы қойылады. Сала мамандарының пікірінше, жоғары деңгейдегі «Графикалық дизайн» маманы болу үшін тәжірибе уақыты кемінде 2-3 жылды құрайды, – дейді білім басқармасының мамандары.

Мамандықтар тізіміне адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкін немесе құрылыс, электр,

көлік және басқалар секілді лицензиялауға немесе рұқсат алуға жататын мамандықтар кірмейді.

– Қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы Еңбек нарығының стандарттары мен талаптары бойынша әзірленген. Бүгінде жоба аясында теориялық және практикалық сабақтар қарастырылған. Оның ішінде, практикалық сабақтардың теориялық уақыттан көп болуы тиіс. Мамандықтарды игеруге 5-тен 30 күнге дейін мүмкіндіктері бар, – дейді мамандар.

Оқыту тегін. Соңында арнайы үлгідегі сертификат беріледі.

– Қарағанды жоғары техникалық колледжі «JUMYS TAP» жобасы аясында жастарды оқытуға дайын. Колледжде «Автомобиль колігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бар. Колледж базасында білім алатындар үшін оқу мерзімі 3 жыл 10 айды құрайды. Студенттер мамандық аясында автокөлік құралдарының барлық түрлерінің ақауларын жоюда техникалық қызмет көрсетуді және диагностикалауды үйренеді. Автомобиль сервисі, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындары, жүк және жеңіл тасымалдардың автокәсіпорындарынан тәжірибе жинайды.

Кейін «JUMYS TAP» жобасы аясында бүгінде осы мамандыққа қызығатындарға шиномонтажшы, электр газ дәнекерлеушіні, автомобиль фараларын реттеуді үйренуге мүмкіндік бар.

Қазіргі таңда білім ошағы «Борусан Машина Қазақстан» ЖШС, «Евротехсервис и К» ЖШС, «Автобус парктері», «Тойота орталығы» ЖШС орталықтарымен тығыз қарым-қатынаста. Жобаға қатысушылар осы компаниялар тәжірибесін де игере алады, – дейді Қарағанды жоғары политехникалық колледжі директорының орынбасары Азамат Екіжанов.





# Даму. Жаңару. Өркендеу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында атап көрсетілген тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Өмірлік коммуникациялар қызметі бұл орайда облыс аудандары экономикасын дамытып, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту бағытындағы ілкімді істермен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері танысын деген мақсатта арнаулы баспасөз турың Қарқаралы ауданынан бастады. Оған негіз де жоқ емес. Аудан үшін биыл тарихи жыл. Қарқаралының қала болып іргесі көтерілгеніне 200 жыл толуа.

**Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Қос ғасыры қабат, аумағы аба

Біз бұл мерейтойды барынша мазмұнды әрі жинақы түрде атап өтуді бытырдан бері жоспарладық. Аталған бағытта үлкенді-кішілі мәдени-көпшілік іс-шаралары аудан бойынша жыл басынан өтіп келеді. Мерейтойдың арнайы логотипі әзірленіп, тарихи жылдың нышаны белгіленген ауыспалы ту әрбір ауылдық округті аралауда. Сондай-ақ, қаламызды абаттандыру, әлеуметтік нысандарды жөндеу, жаңа демалыс орындарын ашу басты назарға алынды. Осы мақсаттағы жұмыстар бүгінде жалғасуда, – дейді аудан әкімі Әділжан Арғынов.

Расында осы жылы ондағы азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, жолдарды жөндеу және жаңа әлеуметтік нысандарды салу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруға ерекше мән берілді.

Қарқаралы қаласын абаттандыру. Қарқаралы қаласының мерейтойы аясында қала бойынша жүргізіліп жатқан Қаратөбе тоғанын абаттандыру, Ту-тұғыр, орталық стадион құрылысы биыл аяқталады. Мерейтой аясында Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Гимаратты күрделі жөндеу жұмысы бытырдан 481 млн. теңге шақталды. Аяқталуға жақын. Шатырынан бастап, есік-терезесі, жылу жүйесіне дейінгі негізгі іс соңына жетті. Жарым ғасырдан бері мәдениет ошағының түрленген беті осы. Тамыз айында үлкен мәдени шара өтпек бұл жерде, – дейді Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығының директоры Мақсат Омарбеков.

Биыл Қарқаралы қаласымен қатар, Қарағайлы кенті мәдениет үйі мен Қарақөл ауылы клубына күрделі жөндеу және Айнабұлақ, Томар, Тегішілдік ауылдарының клубтарына ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды. Бұдан бөлек, Қарқаралы балалар кітапханасына ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базалары нығайтылды. Егіндібұлақ мәдениет үйіне жаңа микроавтобус берілді. Қарқаралы қаласының мерейтойымен қатар, құрылысына 55 жыл толып отырған «Салтанат» ән-би ансамблі Польша мемлекетіндегі дәстүрлі фольклорлық фестивальге қатысып, бас жүлдені иеленіп, аудан мәртебесін көтерді.

## Жол жайлы

Қарқаралы дегенде оның жолы алаң тұдыратын еді бұрнағы жылдары. Тілшілер қауымы алдымен осы мәселеге шұқшиды. Осы бағыттағы «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» республикалық маңызы бар автожолын қыркүйекке дейін жасауға уәде береді мердігер компания. Ұзындығы 53 шақырым болатын учаске мамыр айында жөнделе бастаған. Қазіргі уақытта жабынның төменгі қабаты төселіп, жол бойына жаңа су өткізгіш құбырлары орнатылды. Есесіне учаскеде көлік қозғалысы шектелмеген. Мәселе мынада, жол «суық ресайклинг» әдісімен жасалауда. Тың тәсіл жөндеу жылдамдығына да, материалдың байланысына да оң әсер етеді. Сонымен қатар, жөндеу кезінде жол учаскесін жаппауға оңтайлы мүмкіндік берілді.

– Қазіргі уақытта 163 шақырымға дейінгі орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Автожолдың 37 шақырымында ондау амалдары іске асып, 32 шақырым бойы асфальтбетон жабынның төменгі қабаты төселді. Асфальт пен инертті

материалдарды тасымалдауға арналған 40-қа жуық техника, сондай-ақ, 70 адам жұмылдырылды. Біздің жеке асфальтбетон зауытымыз бар. Материал үздіксіз жеткізіледі, – деп түсіндіреді «Қарағанды Жолдары» жол құрылысы компаниясының бас инженері Айбек Сұлтанбеков.

Жол құрылысының үздіксіз жұмысы мамыр айында басталған. Компания жол төсемін толығымен жүргізудің басында аяқтауды жоспарлап отыр. Бас инженердің айтуынша, жоспардың негізгі көлемі аяқталуға жақын. Жобаның құны екі лот аясында 5 миллиард теңгені



құраған. Компания өкілінің айтуынша, жұмысшылар түйіні шешілмейтін түйіктің мен қиындыққа әзірге дейін тап келген емес. Әрине, технологиялық кідірістер легі болғанымен, жұмыс кестесінде кешеуілдеу жоқ. Осыған дейін үш су өткізгіш құбыр салынып, төртіншісі аяқталу сатысында. Бұл келесі су тасқыны кезеңінде тас жолдың «ағып» кетуіне оқп бермейді.

## Токтар атындағы көшеде

Қаланың орталық Т.Әубәкіров көшесін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба екі жылға жоспарланған. Бұл арадағы жол көптен бері жөндеу жүргізілмеген. Жергілікті атқару мекемелері мен тұрғындардың ұйғарымымен осы



жылға жолдың 1 жарым шақырымын күрделі жөндеуден өткізу межеленген. Жолдың жиектасы мен көлік тоқтайтын орнына дейін әбден жаңалау жұмысын жүргізіледі. Көшенің жарықтандырылуы да қамтылды. Суағарлар жаңаланады. Ілкімді іске 30 бірлік техника жұмылдырылған. Мердігер – «АрмСтрой» компаниясы. Жұмыс барысы туралы бас мердігердің өкілі Григорий Андроян айтты. Өкілдің айтуынша, бұл – келесі жылға ауысатын жоба. Биыл көшенің



Реформа – өміршең өзгерістер

## Туризм тұтқырындай

Қарқаралы Қарағанды облысының экотуризм орталығына айналады. Мақсат – осы. Мәселен, «Бұғылы» рекреациялық аймағының 75 гектарында этноауыл, тау шаңғысы трассалары және жайлы қонақ үйлері бар заманауи туристік кешен салынады. «Бұғылы» табиғи оазисі кездейсоқ таңдалмады. Рекреациялық аймақтың аумағы Қарқаралы қаласына іргелес және ұлттық табиғи паркке қосылады. Кешен бес негізгі секторға бөлінеді: экотуризм аймағы, этноауыл, ойын-сауық саябағы, демалыс үйлері, тау шаңғысы кешені. Кешеннің көрікті жері этноауыл болмақ. Онда атқа мінуге, балық аулауға, табиғат аясында ұлттық тағамдардан дәм татуға болады. Рекреациялық аймақтың орталығында 7 гектардан астам ойын-сауық паркі орналасады, мұнда спорт және ойын алаңдары, веложолдармен жабықталады. «Бұғылыда» 366 орындық 56 қонақ үй және глэмпингтер салу жоспарлануда. Сондай-ақ, Қарқаралыда туризмді дамыту үшін ескі бөгет қайта жаңғыртылып, қоғамдық жағажай жабықталып жатыр. Су қоймасының түбін тереңдету және тазарту аяқталды, көпір салынды. Жаяу жүргінші жолын демалуға болады, паркінгі асфальттау басталды, Балқаш жағалауынан құм әкелінді. Сонымен қатар, мұнда жарықтандыру тіректері, урналар орнатылады, шағын архитектуралық формалар, шатырлар және балалар ойын элементтері пайда болады.

– Бұрын бөгеттен басқа ештеңе болған емес. Өткен жылы біз қайта құруды бастадық. Жағажайда 20 жатақхана бой көтермек, су қоймасында бір уақытта 100 адамға дейін демалуға болады. Жалпы, бөгет аумағы «Бұғылы» рекреациялық аймағына іргелес екенін ескере отырып, тәулігіне 200-300 демалушыны қарсы аламыз деп үміттенеміз. Қарқаралы өзені су айдынына құяды, – дейді аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жол ауышары көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуандық Таласбаев.

Бүгінгі таңда Қарқаралы ауданында бір мезгілде 3 мыңға жуық турист қабылдай алатын 40-қа жуық демалыс, қонақ үйлер бар. Өткен жылы ауданға 9 мыңнан астам адам келді. Жаңа нысандардың ашылуы демалушылардың ағынын екі есеге арттырмақ.

– Мына көл бұған дейін Сасықкөл аталып келген. Арнасы бұлақ көзінен толады. Жасанды су қоймасы емес. Бұрын түрлі себептермен қараусыз қалғаны елге мәлім. Сөйкесінше жылдар бойы бұл маңай әбден ластанған. Кейінірек жағажайы бекіту үшін 61 млн. теңге қаражат бөлінді. Жергілікті әкімдіктің шешімімен жағажай күл қоқыстан тазаланды. Тоған 4 метрге жуық тереңдетіліп, заманауи қалыпқа енді. Аталған аумаққа қосымша 100-ге жуық көшет егіледі. Бұл жер Қаратөбе тауының баурайында орналасқандықтан маңай абаттанған соң бұл көлді «Қаратөбе тоғаны» деп атап кету ойда бар. Бұл тарихи шаһардағы жалғыз нысан емес. Өлі 320-ге жуық жаяу жүргінші жолы абаттандыру межесі тұр алдымызда. Қала бойынша 150 шаршы метрлік 2 балалар ойын алаңын тұрғызу, көшелерді жарықтандыру көзделді, – деп тұжыры сөзін Қарқаралы қаласының әкімі Аслан Рахимбергенов.

## Құрылыс, ауыз су

Биыл аудан көлемінде бірқатар медициналық және спорттық нысандарды салу бойынша кешенді құрылыс жұмыстары басталды. Денсаулық саласына келсек, «Ауыл медицинасын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Бытыр Томар, Татан, Ақжол ауылдарында үш нысан пайдалануға берілсе, биыл қосымша Абыз, Бүркітті, Өсібай, Айрық, Жарлы, Қызылту, Сарыобала, Белдеутас, Борлыбұлақ, Қарабұлақ, Жаңаөтан, Бесоба, Талды – яғни, он үш ауылда құрылыс жұмыстары басталды. Сонымен қатар, «Ауыл

– ел бесігі» жобасы аясында Қарағайлы кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Жобаны бастауға республикалық бюджеттен 110,9 млн. теңге бөлінді.

Қасым Аманжолов ауылында жаңа 200-орындық мектеп құрылысы жалғасуда, қазіргі таңда нысанның бірінші қабаты көтерілген. Қарқаралы қаласында «Жайлы мектеп» жобасы аясында 300 орындық мектеп салу жоспарлануда. Бұл мектеп құрылысы «Самұрық-Қазына» қоры арқылы 2025 жылы басталатын болады. Көктас ауылында спорт кешені құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өтті. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде 2025 жылы іске асыру жоспарда. Жарлы ауылында 2024 жылы және Бүркітті ауылында 2025 жылы спорт кешендерінің құрылысы жобаларын «Қазақстан халқына» және «Самұрық-Қазына» қорларының қаражаты есебінен іске асыру жоспарланған. Жыл басында Қарқаралы қаласында 18 пәтерлі екі тұрғын үйдің пәтер кілттері кезек ретімен мұқтаж тұрғындарға берілсе, биыл 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы басталды.

Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмысы да кідіріссіз жалғасуда. Бүгінгі күні ауданды орталықтандырылған сумен жабдықтау көрсеткіші 89% құрайды. Аудан елдімекендерін толығымен ауыз сумен қамтуды 2025 жылы аяқтау жоспарда. Бұл бағыттағы ірі жобалардың бірі «Жарлы-Қарқаралы» топтық су жүйесінің құрылысы іске асырылуда. Бүгінде 38,2 шақырым су жүйесі толық тартылды, 3 скважина қазылып, 35 құдық және 250 электр желісінің бағандары орнатылды. Жобаны 2024 жылдың қыркүйек айына дейін іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар, бүгінде Қарағайлы кенті, Теректі, Бүркітті, Томар, Матақ ауылдарында ауыз су жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

2024-2025 жылдары аралығында шағын елдімекендерге 22 блок-модульдік су станциясын орнату жоспары бекітілген. Оның ішінде, биыл Қарыншы, Жалпақшілік, Милыбұлақ, Белдеутас, Бастал, Қызылшілік, Аққора, Шөптікөл елдімекендеріне модульдік станция орнатылады. Осы жұмыстардың нәтижесінде, жыл соңына дейін орталықтандырылған сумен жабдықтау көрсеткішінің 96%-ға жеткізу күтілуде. Ақтерек, Татан, Жарлы (Тегішілдік) ауылдарының ауыз су желілері құрылысына жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленді.

## Ғаламтор

Қарқаралы ауданы бойынша 61 ауылдық елдімекеннің 35-і интернетпен қамтамасыз етілген. «Қолжетімді интернет» Ұлттық жобасы шеңберінде аудан бойынша 7 дінгекті-антенналық құрылыстарын салу бойынша аудандық бюджет есебінен қаражат қаралып, сметалық құжаттары әзірленуде. Олар Көктас, Жаңаөтан, Бакты жолдары бойында және Бесоба, Өсібай, Айнабұлақ (Абай), Айнабұлақ (Балқантау) елдімекендеріне салынады. «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» бағытындағы автокөлік жолында толық көлемде мобильдік байланыс және интернет жүйесімен қамту үшін 3 дінгекті-антенналық қондырғы орнатуға жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Бұл жұмыстарды «Қолжетімді интернет» бағдарламасы аясында жүзеге асыру жоспарланып отыр.

– Аудан бойынша жүргізіліп жатқан жобалар мен жұмыстарды құзырлы салалармен қатар, аудан тұрғындарының қолдауымен жүргізуіміз. Барлық жұмыс халықтың игілігіне бағытталғандықтан, әрдайым тұрғындардың талап-тілегі мен ұсыныстары міндетті түрде ескеріледі. Жайлы өмір, лайықты тұрмыс бірінші кезекте тұрғындар үшін. Бұл – күнделікті жұмысымыздың негізгі қағидасы, – деді аудан әкімі арнаулы брифинг барысында.

Суреттерді түсірген автор



• ПРОБЛЕМА. УСЫНЫС. ПІКІР

## Еңбек қатынастарының жаңа парадигмасы

Бұл жазбада ғылым да бар, заң да бар, нақты тәжірибе де бар, керек десеніз, қиял да бар. Зерделей алған адам өзіне керек көп идея табады. Бір жағынан, әлемдік шеңберде қарастырылған. Еңбек адамы, ауыл мен қала тұрғыны, жұмыс беруші мен мемлекеттік қызметкер де өзіне керекін табады, алады.

### Адамға назар аудар

Зерттеушілердің айтуынша, кез келген экономикалық қатынаста, яғни, өндіріс, сауда, қызмет саласының қайсысында болсын адамның рөлі ұдайы өзгеруде. Бүгінгі күні ғалымдар интеллектуалдық, құрылымдық, адамдық, ұйымдастырушылық, инновациялық, процестік және әлеуметтік-капитал түрлерін ажыратады. Сонымен бірге, менеджмент пен әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесінде адам моделіне келесідей көзқарастар қалыптасқан: 1) «экономикалық адам»; 2) «тұтынушы адам»; 3) «иерархиялық адам»; 4) «кәсіби адам»; 5) «корпоративтік адам».

Бұларға сипаттама беру бұл мақаланың мақсатына кірмейді. Дегенмен, бұл модельдердің эволюциялық даму ретімен тұрғынына назар аударамыз. Келесі қадам осылардың ішінен жетілген модельді таңдау әрі оны игеру, жүзеге асыруға тірелмек. Қарастырылып отырған мәселеге мейлінше кең тұрғыдан келуге қажетті философиялық, теориялық, әдіснамалық, құқықтық негіздер жеткілікті. Біздің ойымызша, бүгін өндірістік үдерістің түрлі тараптарына жанжалсыз, қақтығыссыз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылу және мейлінше синергияға қол жеткізу қажет әрі мүмкін.

В.Иноземцевтің ойына сүйенсек, жұмыс берушілердің адамның әлемдегі орны туралы парадигмасын өзгертуі – осыған жетудің басты шарты. Жұмыс берушінің жалпы менталитетінде, әсіресе, персонал жөніндегі менеджерлердің менталитетінде адамға, оның шығармашылық және әлеуметтік бастауларына деген ескірген көзқарастардың сақталуы мақсаттарға жету жолында басты кедергі болуы.

Қазіргі таңда жалпы жұмыскерлер арасында бейматериалдық құлшыныстағы адамдардың үлесі артып келе жатқаны – мәлім үрдіс. Олар индивид, компания және қоғам арасында жаңа моральдық келісім жасау қажеттігін сезінуде. Шексіз құндылықтар туындата алатын шығармашылық еңбекті капитал аяусыз қанауда. Шығармашылық еңбек түрлі құқықтық фикциялар арқылы (мысалы, зияткерлік меншік арқылы) әділетсіз иемделінуде. Адамның еркін әрі жарасымды даму мүмкіндігі мен қажеттілігі және сәйкесінше оның максимал құндылығын қалыптастыру және осының бәрін нарықтық қатынастармен шектеуге тырысудың арасында қайшылық бар.

Бейматериалдық құлшыныстағы жаңа тап пен материалдық құлшыныстағы жалдамалы жұмыскерлердің қабілеттері мен мүдделерінің арасындағы қайшылықтар халық табысының полярлануын күшейтеді. Жалдамалы жұмыскерлердің төменгі жіктерінің абсолюттік кедейленіп жатқандар дағдарыстық компаниялардың жетекшілерінің орташа табысы олардың персоналының орташа еңбекақысынан жүзеге есе асуы әлемдік тенденция болып тұр.



Адам капиталы тұжырымдамасы аясында сенім категориясы өзіне ерекше назар аудартыды. В.Иноземцевтің пікіріне салсақ, адам капиталы біліктілік пен білім ғана емес, ол белгілі бір дәрежеде адамдардың өзара араласу, қатынасу, сөйлесу қабілеті әрі ортақ құндылықтар негізінде түрлі топтар арасында сенім пайда болады. Сенімнің өзі нақты экономикалық құндылыққа ие. Ал, Ф.Фукуяманың ойынша, сенім дегеніміз әл-ауқат жасайтын «әлеуметтік игілік». Заң, келісімшарт, экономикалық мақсаттылық – тұрақты, жайлы қоғам үшін қажетті, алайда жеткіліксіз шарттар деп санайды. Бұған рационалдылық суық есепке емес, дәстүрлер мен салттарға негізделген өзара көмек, моральдық міндеттемелер, парыз бен сенім қосылады.

1994 жылы Швейцарияның Ко деген шағын қаласында «Халықаралық бизнестің қағидаттары» деген тарихи құжат қабылданды. Кейін ол «Ко декларациясы» деп аталды. Бұл декларацияда келесі қағидаттар бекітілді: 1) бизнестің жауапкершілігі: акционерлерден (құнды қағаздардың «қарапайым» иелерінен) бизнестегі үлеске; 2) бизнестің экономикалық және әлеуметтік ықпалы: прогреске, әділдікке және әлемдік қауымдастыққа; 3) бизнес этикасы: заң әрпінен сенім рухына; 4) құқықтық нормаларды құрметтеу; 5) айнала ортаға құрметті қатынас.

Көрсетілген ме, бәрі ақшаға тірелмейді. Дүниенің рухани қырлары нақты маңызға ие. Есімізге түсірсек, қазақы қауым да өзінің қайырымдылығымен, сөзге беріктігімен, мейірім-шапағатының молдығымен ерекшеленетінін білеміз. Алайда, қазіргі шындық не дейді? Біздің ой-өрісіміздің көкжиегі немен шектелген? Оны қалай кеңейтеміз? Жақсы өмір тек шетелде ғана ма? Өз елімізді қалай көркейтеміз?

### Жұмыскер және жұмыс беруші

Бәріміз барша түйткілді заң арқылы шешуге болады деген қиялдың құрсауындамыз. Адамзат тарихы бұл көзқарастың жаңсақ екендігін айғақтайды. Заңдар – түптің түбінде қағазға жазылған мәтін. Осы тұрғыдан келгенде олардың әлемді басқаруға пәрмені жеткіліксіз. Бүгінгі күні заң әрпіне деген тапшылық жоқ. Кез келген елдің заңнамашы органы керек болса, заңнамалық актілерді кез келген көлемде шығарып бере алады. Сайып келгенде,

әлем заңдарға емес, сенім рухына мұқтаж. Әрине, құқықтық нормаларға деген құрмет болуы тиіс. Алайда, сенім атмосферасында өмір сүру әлдеқайда маңыздырақ. Егер қоғамда билік құрылымдарына, әсіресе, компаниялардың әкімшілігінің әділ реформалар жүргізе алатындығына деген сенім болмаса, онда оң нәтиже күту бекер болмақ. Өйткені, қоғамның миллиондаған мүшелерінің ментальдық деңгейде оларға сенімсіздікпен қарағаны осыған алып келеді.

Өзіміздің іштей түйінген ойларымыздың ішінде қордалаған біршама сұрақтарымыздың жауабын профессор Е.Неходадан тапқандай болдым. Сонда түйгенім: біз әлеуметтік-еңбектік қатынастар дегенде мәселеге неғұрлым кең тұрғыдан келіп, адам баласының туғаннан бастап, оқып, жетіліп, белсенді еңбекке араласып, өз өмірінің түрлі өрістерін, оның ішінде, тек материалдық қана емес, сонымен бірге, рухани-мәдени сұраныстарын қанағаттандыра сүрген өмір циклын тұтастай алғанмыз жөн екен. Бұл қатынастар адам белсенді еңбек етуін доғарып, тиісті зейнеткерлік демалысқа шыққанда да тоқтмайды екен.

Е.Нехода: «...әлеуметтік-еңбектік қатынастардың эволюциясына ықпал еткен факторлардың ішіндегі ең бір маңызды фактор – адамның әлеуметтік дамуы. Адам ролінің өндірістегі эволюциясы және әлеуметтік-еңбектік қатынастардың эволюциясы еңбек қатынастарын басқару теорияларында көрініс тапқан. Белгілі теориялар экономикалық (еңбек ресурстарын пайдалану), органикалық (персоналды басқару, адам қабілетін басқару) және гуманистік (адамды басқару) көзқарастардың бар екендігін мәлімдейді. Адамның дамуымен бірге кәсіпорынның әлеуметтік жүйесі де дамып отырған», – дейді.

Еңбек нарығында жұмыс берушінің сөзі жүріп тұрғаны, оның бәсі басым екені күпия емес. Олардың қолында орасан зор материалдық, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық мүмкіндік атаулысы шоғырланған. Осыған байланысты, қоғам жұмыс берушілерден еңбекті ұйымдастырудың заманалық деңгейін, оларды тиісті дәрежеде әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білімдік, медициналық-санитариялық, сауықтыру-алдын алу шараларымен толықтыруды талап етуге құқылы.

Бүгінгі күні жұмыс күші деп саналатын қарапайым индивидтің мойнында ондаған жылдар бойы жинақталған түрлі

әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық, тұрмыстық, қаржылық, кредиттік, моральдық және басқа да міндеттемелер, өтелмеген парыздар мен қарыздар бар. Осының бәрі зіл салмақ болып, оның иінін басуда. Соның салдарынан жұмыстағы тұрақсыздық, берекесіздік, түрлі жанжалды жағдайлар орын алады.

Менің ойымша, біздің жұмыс берушілер, кәсіподақтар, ақыр соңында жұмыскерлердің өзі осы жағына қажетті назар аудармайтын сияқты. Әрине, мен олар бұл мәселелерді мүлде білмейді деген ойды айтудан аулақпын. Біледі, қаузаиды және осы бағытта оң нәтижелері де бар. Бірақ, шындығын айтқанда, заманауи адамның оқуы, білімін жетілдіруі, демалысы, түрлі әлеуметтік қажеттіліктері, зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі түрлі сұраныстары тар тұрмыстық мағынада әрі тиісті дүние ретінде емес, жұмыс берушінің асқан мейірімділігінің нәтижесі ретінде түсінілетіндей.

Шындығында, бүгінгі таңда адамның өзінің алуан түрлі сұраныстарын қанағаттандыруы, оған ол немесе оның жақындары еңбек ететін компанияның белсенді де шынайы атсалысуы қалыпты жағдай болуы тиіс. Бұл заманалық стандарттарға сәйкес келеді. Әрине, осындай игіліктерге қол жеткізу үшін жұмыскердің де белгілі бір талаптарға сай болуы керектігі түсінікті. Ең әуелі жұмыскер де өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезінуі, қажетті құлшынысы, базалық дәрежедегі білімі, біліктілігі, құзыреттілігі болғаны қажет. Жұмыскер мен компания өзара қатынасқа бір рет түскеннен соң, осы қатынастар әрі қарай даму динамикасына ие болуы, оның әрбір кезеңінде жұмыскерлердің кәсіптік одақтары, басқа да ұйымдары сәйкесінше делдалдық қатынастарды адал атқара алуы керек.

Бұл – белгілі бір қияли ойдың, фантазияның жемісі емес, әлемде бар тәжірибені зерделеуден туған ой. Жас кезіңізде сіз, әрине, жұмыс іздеуші, тапсырған жұмысты істеушісіз. Шындығында, уақыт өте келе алған біліміңіз, жинақтаған тәжірибеңіз Сізді жұмыс беруші санатына алып шығуы тиіс. Ең болмағанда, фрилансерлік қабілеттеріңізді дамытуыңыз керек.

**Болат СЫЗДЫҚ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

(Басы газеттің №76 санында.  
Жалғасы бар)

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Көмек көптік етпейді

Шілденің басындағы дерекке сүйенсек, ел бойынша 67 мыңнан астам отбасы атаулы әлеуметтік көмек алған. Бұл аталған көмек 355,3 мың адамға тағайындалғанын көрсетеді. Аймақта мұндай көмек 1 152 отбасыға, 5 352 адамға тиесілі.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға басты мақсат – ақшалай төлем түрінде қолдау және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару. Ол табысы өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-нан аспайтын азаматтарға тағайындалады. Сонымен қатар, сол отбасыларға 1-6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5 538 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем төленеді. Ай басындағы дерек бойынша осы қатарға жататын отбасылардан шыққан 109 мың балаға 2,9 млрд. теңге сомасына қосымша төлем тағайындалған. Оның ішінде, өңір бойынша 1 584 балаға 35,1 млн. теңге бөлінді. Бұдан бөлек, жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері жасалады. Өз ісін ашуға ниетті отбасыларға грант беріледі, қажет болса, біліктілікті арттыру курстарына жіберіледі.

Қазіргі уақытта қазақстандықтар атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ, электрондық үкімет порталы арқылы бере алады.

Биыл осы мақсатқа бюджеттен 60,5 млрд. теңге қарастырылған. Облыста атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 273,23 млн. теңге бағытталды. Төленген көмектің орташа мөлшері 10 407 теңгені құрады.

Өз тілшімізден



## Портал қызметі кеңейді

Енді емханаға тіркелу қызметі тек ел азаматтары үшін ғана емес, сонымен қатар, қандастар мен бейрезиденттер үшін де қолжетімді. Медициналық мекемеге тіркелу кезінде пайдаланушылар дәрігерді таңдай алады.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу қызметі – eGov.kz-те ең танымал қызметтердің бірі. Былғы бірінші жартыжылдықта порталда емханаларға тіркелу бойынша 1,2 млн-нан астам өтінім берілген.

Қызметті тек тұрғылықты жері өзгерген жағдайда ғана емес, сонымен қатар, медициналық ұйымды жылына бір реттен жиі емес ауыстыруға болады. 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін жыл сайынғы емханаға тіркелу науқаны жүреді.

eGov.kz порталына кіріп, «Денсаулық сақтау» бөліміне өтіп, қызметтер тізімінен «Емханаға тіркелу» тармағын таңдау қажет. Барлық қажетті ақпаратты толтырып, электронды цифрлық қолтаңба көмегімен қызметке қол қою керек болады.

Қызметтің жаңа функционалы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, Денсаулық сақтау министрлігі мен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

– Емханаға тіркелу қызметінің кеңейгені көз қуантады. Өйткені, қазір уақыт өте тапшы. Барып, тіркелуге уақыт жетпейді. Онлайн түрде тіркелудің уақытты үнемдеуге пайдасы зор. Сонымен қатар, осындай тіркелулер адамды ақпараттық сауаттылыққа тәрбиелейді. Болашақта онлайн қызметтер бұдан да дами түссе екен, – дейді қала тұрғыны Әділбек Қанатұлы.

• ДЕНСАУЛЫҚ

## Дәрі бағамындағы өзгеріс

Елдің Денсаулық сақтау министрлігі дәрілік заттарға баға белгілеу тетігін қайта қарастырып жатыр. Дәрілердің сапасын бағалау мен іріктеуде қауіпке бағдарланған тәсіл бойынша және фармацевтикалық өнімді әкелу тәртібінде өзгерістер енгізілуде. Бұл ретте пациенттердің, мемлекеттің және өндірушілердің мүдделері жан-жақты ескеріледі дейді сала мамандары.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Осы мақсатта мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-қоғамдастықтың өкілдерін қамтитын фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды. Одан бөлек, биыл наурызда стратегиялық ұсыныстарды әзірлеуге жауапты бейінді департамент жұмысын бастады.

Сатып алу тиімділігін арттыру үшін Бірыңғай дистрибутор жарамдылық мерзімдерін ескере отырып, тауарларды жоспарлау мен бөлуді автоматтанды-

ратын ақпараттық жүйені енгізді. Бұл есептен шығарылған препараттардың санын азайтады.

Бірыңғай дистрибутордың қызметі өндірушілермен тікелей шарт жасасуға бағытталатын болады. Бұл делдалдарды алып тастаудың есебінен дәрі-дәрмек бағасын төмендетуге мүмкіндік береді.

Аталған бағытта жүргізілген ішкі тергеу жүйелі кемшіліктер мен тиісті бақылаудың жоқтығын анықтады. Қабылданып жатқан шаралар халықты қауіпсіз және сапалы дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, отандық өндірушілерді қолдауға мүмкіндік бермек.

Шілденің бірінен бастап, өндірілген барлық дәрі-дәрмек таңбаланатынын да



айта кетуге болады. Бұл – фармацевтикалық жүйедегі заңсыз дәрі-дәрмек айналымын жоюға, халыққа сапалы препараттарды ұсынуға бағытталған жоба. Облыс бойынша медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің дерегіне, дәрі-дәрмекті таң-

балау жобасына облыстың дайындығы – 85%.

Айта кету керек, өңірде 7 дәріхана қоймасы және 464 дәріхана бар. Екі отандық тауар өндіруші – «Қарағанды фармацевтикалық кешені» және «Фармация 2010» тұрақты жұмыс істейді.



# Әділ жанмен әңгіме



Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі кеншілер шаһарының 90 жылдық мерейтойына арналған «90 жылдыққа 90 кездесу» жобасы аясында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Құрметті қызметкері, запастағы генерал-майор, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Мирлан Қызылловпен «Әділдік жолындағы азамат» тақырыбында кездесу кешін өткізді.



Сурет ұжымдастырушыларынан

Кешке заң ғылымдарының кандидаты, запастағы полиция полковнигі, «Облыстық қазақ тілі және мәдениеті қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Елеужан Серімов, запастағы полиция полковнигі Ізбасқан Нысанқұлов, дәстүрлі өнші Ержан Базарбеков, Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының I курс курсанттары, Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығының мамандары, Қарағанды облысы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жастар, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының мүшелері, Қазыбек би ауданы ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысып, әрлі әңгіме өрбітті.

Кездесу барысында модератор оқырмандарға Мирлан Қызылловтың құқық қорғау саласында табандылықпен еңбек еткен жылдарына, қатардағы қызметкерден бастап, генерал-майор шеніне адал еңбегінің арқасында жеткені туралы кеңінен ақпарат берді.

Кеш кейіпкері оқырмандарға өзінің балалық, студенттік шағы және генерал-майор болғанға дейінгі өткен жолы, өмірінің қызықты, әсерлі сәттері туралы айтып берді. Жиылған жұрттың сұрақтарын да назардан тыс қалдырмады. Еркін форматта пікірлесіп, кейіпкердің әлеміне еніп, мамандыққа адалдықтың қыр-сырына қанықты.

Сонымен қатар, Мирлан Қызылловтың ұстаздары, әріптестері, замандастары да тың ақпараттарын ортаға салды. Мирлан Қызылловтың адамгершілігі, жұмысқа деген жауапкершілігі, азаматтығы, отбасына қамқорлығы, жас мамандарға көрсеткен үлгі-өнегесі және ғылымға деген сүйіспеншілігі де бірталай әңгімеге арқау болды.

Сондай-ақ, кеш иесі кітапхана қорына өзі жазған кітабын сыйға тартты. Кеш ұйымдастырушылары да өз кезегінде Мирлан Ахмедияұлына алтын уақытын қиып, жастармен әңгімелесіп, сұрақтарына жауап беріп, білікті маман ретінде ақыл-ненесін аямағанына шексіз алғысын білдірді.

Ал, кешке қатысушылар сегіз қырлы, бір сырлы кеш иесінің тәртіпке баса мән беретініне, ұқыптылығына, әскери саланың өкілі бола тұра, сөзге шешендігіне, ғылым-білімге құштарлығына тәнті болды.

Өз тілшімізден

ҚАРАҒАНДЫ

• ЖӘДІГЕР

## Суретте сақталған сыр

Қарағанды – түрлі ою-өрнек пен көркем картиналар қойылған алып көрме секілді. Әр ғимаратына тарих пен көркем өнер тұнған. Шаһардың осы қыры өнерге таласы бар жандардың назарынан тыс қалмайтыны анық. Қарағандылық суретші Юлия Ляндаева кеншілер шаһарындағы қазақы ою-өрнектерді зерттеп, каталог әзірлемекші.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыдағы ғимараттарға салынған ою-өрнектер жергілікті қылқалам шеберінің назарын бұрыннан арбаған. 2018 жылы Юлия Ляндаева «Қарағандыда жоғалып кетпейінше» жобасын бастады. Оның басты мақсаты – фотосуреттер арқылы қала тарихын жаңғырту. 2022 жылдан бері суретші Қарағанды бойынша авторлық экскурсиялар жүргізіп келеді. «Жылдан-жылға материал көбейе түсуде» дейді Юлия Ляндаева.

Қарағандыда көптеген қызықты ескі үйлер, маңдайшалар, қасбет бөлшектері, мозаика, барельефтер, панельдер бар. Уақыт өте келе, ғимараттар қирайды. Олардың барлығы дұрыс қалпына келтірілмейді. Мен тарихты фотосуреттер арқылы сақтағым келеді. Сондықтан, қолда бар ақпаратты жолда-

нып каталог, немесе, брошюра шығару идеясы келді, – деді Юлия Ляндаева.

Бұл идеямен суретші қалалық әкімдікке хабарласып, қолдау тапқан. Каталог шығаруға қаражат бөлінді. Оны дайындауға қарағандылық өнертанушы Лариса Карчевская көмектеседі.

Алдымен ғимараттардың тізімін жасадық. Ғимараттардың саны 50-ден асады. Мысалы, Кеншілер мәдениет сарайы. Баршамыз оны көрген болсақ та, әр түрлі ою-өрнектер барына мән бере қоймаймыз. Бұл мен үшін де жаңалық болды, – дейді өнертанушы.

Тізім жасағаннан кейін зерттеушілер фотосуреттерді түсіруге және таңдауға көшкен. Қазір ою-өрнектерді зерттеу жүріп жатыр.

Каталогты осы күзде жарыққа шығармақшы. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде басып шығару жоспарлануда.

• ТАНЫМ

## Інісін Кемпірбайдың білеміз бе?

Қазақ ауыз әдебиетінде айрықша орны бар дүлдүл ақын, XIX ғасырда ерекше дамыған айтыс өнерінің ақтангері Кемпірбай Бөгенбайұлы ағамыз 1834 жылы қазіргі Қарқаралы ауданына қарасты Арқалық тауларының ішіндегі Айыртаста дүниеге келген. Кемпірбай ағамыздың қорасы сол Арқалықтағы Әтеби мен Қарабұлақ қыстақтарының арасында әлі бар. Осы жерге арнайы белгі қою – арман болып қала берді...



Сурет e-history.kz сайтынан

Кемпірбай ақынның артында қалған азды-көпті мұраларын іздестіріп, жинастырып жүрген ешкім жоқ десек, артық айтқандық емес. Тіпті, оның руының өзін сан-саққа жүгіртіп, біреулер Қазымбет десе, екіншілері Орманшы, Сүйіндік деген сияқты пікір білдіреді екен. Ал, шындығында, Кемпірбай ақын Қаракемпірдің ішіндегі Ағымнан тарайды. Оның әңгімешілі, әзілқой, керек жерінде суырыпсалмалық өнері бар інісі Текебай туралы көпшіліктің біле бермеуі мүмкін. Біз осы жерде Кемпірбай ағамыздың інісі Текебай туралы бұрын ешқайда жарияланбаған мына бір деректерді көзі қарақты оқырмандарымызға ұсынбақпыз.

Бұл деректерді өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғында әкем Смағұл Әбділұлының жазып алған едім. Кемпірбай ағамыздың ата-тегінен шежірешілер былай таратады. Қаракесек (Болатқожа) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл, Бұлбұлдың бәйбішесі Қаракемпірден (шын аты Рабига болса керек) Қожамжар Атымтай, Ағым, Қосай, Қойбақ Татымбай тарайды. Соның ішінде, Татымбайдан біздің әкелеріміз тарайды. Ал, соның Ағымнан Қияқ, одан Қызық, одан Сұңқарбай, Бұқарбай, Қалабай, Жиенбай, Бөгенбай тараса, кейінгісінен Кемпірбай, Текебай, Кемпірбайдан Серкебай туады.

Бөгенбайдың үлкені Кемпірбай болса, кішісінің аты – Текебай. Кейбір жөнін білмейтіндер олардың руы «Қазымбет» деп жүр. Олай емес. Олар Қазымбетке жиен. Өйткені, олар Қазауысты Қазыбек бидің жиендері ғой. Ертеректе руы Қазымбет Жолшора деген қазы болған екен. Яғни, Жолшорамыз – Кемпірбай мен Текебайға нағашы. Сол Жолшораның туысқандары ауылда әлі де бар. Мысалы, сол Жолшора қазының жақыны Әбәйділде деген

менің бөлем болған еді. Қазір дүниеден өтті. Соның үлкен баласы Рахман – Қарағанды қаласында үлкен дәрігер.

Кемпірбай мен Текебай әкелері ертерек қайтыс болып, жетім қалады. Текебай жезделерінің қасына барып, сол Жолшораның қозысын бағады екен. Жазғытұрым қой қоздап болғаннан кейін таудан көшкерде Жолшора бай бір жерден келе жатса, Айыркөзден тауының бір саласынан түтін шығып жатқанын байқайды. «Бұл, немене түтін» деп келсе, Текебай Жолшораның бір қозысын сойып тастап, шелекке салып, тастың арасына от жағып, пісіріп отыр дейді. Сол кезде Текебай 9-10-дағы бала болса керек. Оны көре салып, Жолшора Текебайға: «Мынауың не?» деп ұрысса, «Асығын алайын деп едім» депті.

Жолшора үйіне келіп бәйбішесіне айтып, «Мына Текебай әлден бұлай істеп жатыр, жаздай қозыдан қозы қалдырмас, жетім ғой деп аяқ көшіріп алып едім, көшіріп жіберейін «бар, шақырып кел!», деп бір жігітті жібереді. Өйтпесе, ертең жайлауға көшкенде жұртқа тастап кетуіміз керек» дейді.

Сол кезде Жолшораны «қазы» дейді екен. «Қазы» деп өте беделді адамдарды айтатынын білеміз. Қазының айтқаны қашан да екі етілмеген. Жібеген жігіт Текебайға келіп, «Сені Қазы шақырып жатыр», – дейді.

– Мені неге шақырады, – дей-

ді Текебай. Сонда хабаршы жігіт айтқан екен.

– Сені көшірем, – деп жатыр. «Жас күнінен қозы сойып жатыр, бара-бара түгімді қалдырмас деп айтты», – дейді. Сонда Текебай:

– Ол кісінің қозысын сойып тастадым, алдына қалай барам, «Текебайдың жұртында, Жолшора қапты» дегенше, оның жұртында мен-ақ қалайын, өзі көшкін депті. Хабаршы бұл сөзді айна қатесіз Жолшораға айта келеді. Сонда Жолшора, «Ойпырым-ай! Мына ит сөз тауып, жеңіп кетті-ау! Бәрін сойып жесе де, жүре берсін, тимендер!» деген екен.

Бір ауыз сөзге тоқтаған мұның өзі әулиелік қой. Ондай мәрттік қазып шыға қоюы қиындау ғой. Осы жерде айтайын дегенім сол қазы Жолшораға Кемпірбай мен Текебай жиен болмаса, оған келіп, қиын кезде паналар ма еді?!

Текебайдың әзілқой, суырыпсалма ақын болғанын дәлелдейтін тағы бір мысал келтіре кетейін. Парасатты қасиеттерінің арқасында елге сыйлы ел ағасы ақын атанып, ел аралап жүргенде бір күні Жарылғаптың бір ауқатты байының үйіне ат басын тірепті. Ол кезде қонақ келсе, қой сою, бата жасату үйреншікті дәстүр ғой. Мұны үстіне атақты Текебай ақын келіп отырғанда бір қойды алып ұру айдай алмай отырған байға сөз болып па?! Үй иесі төр алдында жанталып жатып, жалшысына «қой алып келіп, бата жасат» дейді. Жалшы байғұс бай айтқан соң бір семіз

қойды табалдырықтан сүйрей кіреді. Бірақ, ол асығып жүргенде құйрығы құрттап, кеспек байлаған қойды сүйреп келгенін байқамаса керек. Құрттағанда байлаған кеспектің бір ұшының қылтып көрініп тұрғанын байқап қалған Текебай соятын қойға бата жасай отырып, шіріген байды бір ауыз өлеңмен шалқасынан түсірген екен:

– Бұл өзі құнан қой ма, дөнен қой ма,  
Мойнында мылтығы бар,  
мерген қой ма?!  
Жаман жыл болғанда жан сақтайды,

Тіл алсаң, осы қойды, тіпті, сойма! – деген екен.

Мұны естіген бай жалшысына жекіп, Текебайдан кешірім сұрап, желіде байлаулы тұрған семіз құлының әкеп сойғызған екен.

Осы бір ауыз өлеңнің өзінен-ақ Кемпірбай ақынның інісі Текебайдың да өнерден, өлеңнен құралақан емес, табанда суырып өлең шығаратын ақын екенін байқауға болады. Ақындармен айтыспаса да, ел арасында қалған өлеңдері көп деп естуші едім. Жас кезімде соның бәрін естігеніммен қазір көбі есте қалған жоқ. Ал, Кемпірбайдың Шөжемен айтысы және Әсет ақынның ауырып жатқанда іздеп келіп өлеңмен қоштасулары ел аузында аңыз.

**Рымбек СМАҒҰЛОВ,**  
Қазақстан  
Мәслихаттарының  
Құрметті депутаты,  
Ақпарат саласының үздігі

## Технократ дәуірі дабыраны көтермейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Аймақтағы, соның ішінде, ауылдық кітапханалар заман талабына мүлде сәйкес емес. Ғимараттары ескі, ішіндегі материалдық-техникалық базасы әбден тозған. Ауылды былай қойғанда, тұрғындар көбірек шоғырланған аудан орталықтарындағы жағдай да мез емес. Көбірек оқырман тарту үшін әлбетте кітапханаларда жағдай жасалуы тиіс. Оқырман өзін қолайлы сезінгені абзал. Ал, осы міндеттерді атқармай, халықты жаппай кітапқа тарту мүмкін емес деп айтуға болады. Бұл мәселе облыс аумағындағы барлық ауылға қатысты, – деді Айгүл Қауенқызы.

Облыстық дін істері басқармасының ресми дерегіне сүйенсек, облыс аумағында 128 мешіт бар. Қарағанды облысы Қазақстан бойынша мешіті ең аз өңір екенін де атап өткен жөн. Бірақ, жыл сайын жаңа мешіттер аймағымыздың түпкір-түпкірінде бой көтеруде. Оның үстіне, жаңа мешіттің ашылғанын естімей қалу мүмкін емес. Себебі, құлшылық үйінің ашылуына да той жасау сәнге айналған. Ат баптаған атбегілер мен

той-томалақтан қаржылай жүзде ұтуға кәніккен балуандар, көкпаршылар «қай жерде қандай мешіт ашылады екен» деп жалтақтап отыратын секілді бұл күнде. Тіпті, жүзделі орындарға су жаңа автокөліктер тігіліп жатады. Қыруар қаражат.

**Бүгінгінің тренді не?**

Бір мәселеге бір жағынан ғана қараудан аулақпыз. Кәсіпкерлерді де түсінуге болады. Мешіт салсаң, ел аузына ілігесің, мақталасың, барған жерінде төрге озасың. Дегенмен, бүгінгі күннің тренді – осы. Оның үстіне, мешітке деген сұраныс күннен-күнге артып бара жатқандай. Жас өрен кітапхана мен мектепке емес, құлшылық үйіне асығатынын әлеуметтік желіден көруге болады. Білім куатын шағында дінге неге құштар болды? Жас бала нендей күнәсі үшін кешірім сұрайды? Міне, ел ақсақалдары бас қатыратын сауал бұл. Алаштың біртуар перзенті, есімі жаһанға мәшһүр физик, «Ғасыр адамы» деп мойындалған Төмірғали Қоқетаев осыған қатысты пікір білдірді.

– Мынау елде жаппай мешіт салынуына қарсымын. Елдің бо-

лашағына жаның ашыса, мектеп сал. Жас ұрпақ білім алысын. Ғылыммен айналысың. Ертең мұнайдың да заманы өтеді. Сол уақытта мына жұртқа шырақ жағатын тұлғалар керек. Ал, егер бәрі жашпай дін қуып, мешіт жағалап кетсе, не болмақ? Құлшылыққа фанатизммен берілген баланың білімде шаруасы болмайтынын естіп, біліп жүрмін. Бұл – қауіпті үрдіс деп сеніммен айта аламын. Технократиясымен әлемді аузына қаратқан Жапония, Германия, Кореяға көз тастаңыз. Олар ғылымды шарықтатқан қуатты буынды дінсіз-ақ тәрбиеледі. Ғылымы мен білімі қуатты ел ғана дегеніне жететінін түсінуіміз тиіс. Қапталып мешіт салғанша, сол қаражатқа бала оқытайық. Ерекше балаларды іріктеп алып, шетелдің үздік деген жоғарғы оқу орындарына жіберейік. Білімін, тәжірибесін дамытып, туған еліне қызмет етсін. Міне, істің жөні осы деп есептеймін, – дейді ғалым.

**Дәулеттіден ілім қалсын**

Өткенге көз жүгіртсек, қазақ жақсылықты қайырымды байлардан көрген. Дәулетті адамы

бар ауылдың жетімі де, жесірі де тентіремеген. Тіпті, ханның әскерін ат-көлікпен, азықпен қамтамасыз еткен. Қазақ даласын толықтай отарлау үшін іргедегі отаршылдар осы байлардың соңына түсті емес пе? Сол әрекеттері арқылы мынау жұртты тіреуінен айырған. Орыс даласында училищелер пайда болғанда да зейіні бар, ынтасы зор ауыл балаларын қыр асырып оқытқан да солар еді. Пәленбай бас жылқы төлеп, ауылына хат танитын оқымыстыларды алдыртқан. Бала оқыту – ұлт келешегі үшін маңызды екенін түсінген олар. «Ғылым таппай мақтанбау» керектігін түйсінген. Ғылымсыз адамзат өркениеті алға баспайды. Хәкім Абай да «Ал-ланың хикметін сез» деді. Ал, хикметті сезу үшін ғылым тілін үйренбек керек.

**Сөз соңы**

Қазақтың жас буыны дәл бүгінгі күні екіге бөлінген. Бірі – әлеуметтік желідегі трендтің соңында, енді бірі – мешіт жағалап жүр. Ал, алдымызда жасанды интеллектің, адамзат өркениетін жүз жылдықтарға ілгерілететін технократтардың дәуірі күтіп тұр.

Құттықтаймыз!

Құрметті Азамат!

Сені келіп жеткен 50 жас мерей-тойыңмен құттықтаймыз! Зор денсаулық, мол бақыт, еңбекте табыс, балалардың қуаныштарын көре беруіңе тілектеспіз!



Азаматтық асулардан асыпсың, Ақ көңілдің жауһар жырын жазыпсың. Қазақ елінің жақсылығына қуанып, Балаша уанып, 50-ге қадам басыпсың.

Отбасыңа болған осы сая-бақ, Бақытыңды жүрсін енді саялап. Үш ұлын – үш тұлпарыңды мәпелеп, Жан-жарың Меруертінді аялап.

Дәл осылай жан-дүниенді тазалап. Алаштың амандығы тазалап. Осы азаматтық жолдан таныпай, 100-ге кел, Ел ағасы – Азамат!

Т/б: ата-анаң Шәлен-Айнагул, аға-жеңгең Игілік-Гүлмайра, іні-келінің Мерей-Нәзігул, інілерің-қарындасың: Жігер, Айбар, Алматы, Жәңгір, Жансар, Жансұлу.

№259

Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 27 тамызы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты а., Тауелсіздік к., 13, әкім ғимараты, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС «Абыз» кеніші үшін буландырылған тоған салу» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасын қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарланғанын хабарлайды.

Өсер ету аумағы: жоқ. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты а., географиялық координаттары: 49°19'51" с. е. 76°14'37" ш. б.

Учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер нөмірі	Географиялық координаттар					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	25	27,6	46	28	34,53

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Рамазанова Р.Б., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, бас маманы, тел.: 8 (7172) 55 76 65, эл.мекен-жайы: Radmila.Ramazanova@kazakhmys.kz. Өзірлеуші: «Биосфера Қазақстан» ҒЗО ЖШС, БСН 071040007864. Өкілі: Жирков В.В., байланыс телефоны: 8(7212) 56-17-50, 91-17-52, 8(777) 487-14-15, эл.мекен-жайы: biosfera.krg@mail.ru. Жоба материалдары төмендегі сайтта орналастырылған: ecorportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ecorportal.kz сілтемесі бойынша, эл. мекен-жайы expertiza.uzr\_krg@mail.ru және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі biosfera.krg@mail.ru эл.мекен-жайы бойынша және тел. нөм. 8(777) 487-14-15 сұрауға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке кезек ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m19453eecd72af6a2500572db4756f0a Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2519 219 1032 Жиналыс құпия сөзі: 123456xX

Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что 27 августа 2024 года в 11:00 ч. планируется проведение общественных слушаний по рассмотрению проекта «Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «Строительство пруда-испарителя для рудника «Абыз» ТОО «Корпорация Казахмыс» по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Бақты, географиялық координаттары: 49°19'51" с. ш. 76°14'37" в. д.

Территория воздействия: отсутствует. Территория, на которой будут проводиться общественные слушания: Карагандинская область, Каркаралинский район, с.Бақты, географиялық координаттары: 49°19'51" с. ш. 76°14'37" в. д.

Географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	25	27,6	46	28	34,53

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Рамазанова Р.Б., главный специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 55 76 65, эл.адрес: Radmila.Ramazanova@kazakhmys.kz. Разработчик: ТОО НИЦ «Биосфера Казахстан», БИН 071040007864. Представитель: Жирков В.В., контакты: тел.: 8(7212) 56-17-50, 91-17-52, 8(777) 487-14-15, эл.адрес: biosfera.krg@mail.ru. Материалы проекта размещены на сайте: ecorportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru. Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecorportal.kz, на эл. адрес: expertiza.uzr\_krg@mail.ru и почтовый адрес: г. Караганда, ул. Лободы 20 в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу biosfera.krg@mail.ru и номеру телефона 8(777) 487-14-15. Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности. Ссылка на онлайн подключение: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m19453eecd72af6a2500572db4756f0a Номер совещания (код доступа): 2519 219 1032 Пароль совещания: 123456xX

ҚҰҚЫҚ

Тәртіпсіздік тыйылар емес

Қарағанды полициясы керек тамырдан дәл басқанға ұқсайды. Қарағанды полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шахназар Салин қаладағы демалыс, нақтырақ айтсақ, ойын-сауық орындарының нелерімен кеңейтілген ашық жиналыс өткізді. Бұған нақты себеп бар. Тәртіп сақшыларының дерегіне сүйенсек, демалыс күндері кезекші бөлімге түсетін жедел қоңыраулардың басым бөлігі осы түнгі клубтардан, ресторалардан екен. Шарапқа масайып, желіккен демалушылар тәртіпке бағынбай, түнгі қаланың тыныштығын бұзады. Жиын барысында тәртіп ең көп бұзылатын мекемелердің нелеріне ескерту жасалды. Ескерту еленбеген жағдайда қатаң шаралар қабылданатыны айтылды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың бас полицейі шаһардағы тәртіптің сақталуы тікелей басқарманың міндеті екенін және осы жолда қолдан келгенін бәрін жасайтынын айтты. Ойын-сауық мекемелерінің иелерін түсінемін. Бұл да табыс көзі. Бірақ, түнгі сауық-сайран орындарында тәртіп жиі бұзылады. Осы сөзіме нақты дәлелдер бар. Статистика жасалған. Көбіңіз қауіпсіздік мәселесіне бейжай қарайсыздар. Бұл, әлбетте, қала тыныштығына нұқсан келтіреді.

Біз шаһарда түрлі бассыздықтардың орын алуына жол бермейміз. Ескертулерге құлақ аспаған жағдайда заң шеңберінде қатаң шаралар қабылдап, қылмыс жиі орын алатын орындарды жабуға ықпал етеміз. Себебі, сол жерлерде заң бұзылып қана қоймайды, адамдардың, соның ішінде, өрімдей жастардың тағдыры бұзылып жатады.

Бірінің денсаулығына зақым келеді, енді бірі қылмыс жасап, өз өміріне балта шабады. Сондықтан, осы мәселеде бір-бірімізді түсінуге тырысып, бірлесіп жұмыс атқарайық, – делі Шахназар Салин.

Полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ерлан Есенбеков нақты демалыс орындарына қатысты деректер жинақталған баяндамасын жасады.

Күн тәртібінде айтылғандай, кеңестің мақсаты – ең алдымен, азаматтардың қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіпті сақтау. Қарағандыда әртүрлі сипаттағы және бағытталған қызметтегі 258 ойын-сауық мекемесі бар. Соның ішінде, 83 мейрамхана мен 175 кафе-бар қызмет етеді. Мәселе көбіне түнгі 03:00 мен 06:00-ге дейін жұмыс істейтін ойын-сауық орталықтарына тікелей қатысты. Көңіл көтеру орындарында, әсіресе, демалыс және мереке күндері жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында біз полицияның жауап патрульдік нарядтарының жұмысын күшейтті.

Ал, патрульдеу маршруттары қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың ең көп саны тіркелген мекемелерге барынша жақын. Осы жылдың басынан бері «102» операторларының

пультіне ойын-сауық мекемелерінен 1229 хабарлама келіп түсті. Соның ішінде, 48 дерек сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілген. Ойын-сауық орталықтарында адам денсаулығына орташа сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілген. Ойын-сауық орталықтарында адам денсаулығына орташа сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілген. Ойын-сауық орталықтарында адам денсаулығына орташа сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне енгізілген.

Жыл басынан бері орталық басқармада 597 шағым қаралған. Соның ішінде расталған қылмыстар бойынша 26 дерек тіркелген (7 ұрлық, 10 бұзақылық және 2 орташа ауырлықтағы дене жаракаты).

Михайлов бөлімшесінде 230 шағым тіркелген. Оңтүстік-Шығыс бөлімшесінде 123, Жана

ти» түнгі клубынан 18 шақырту тіркелген. Нақты осы түнгі клубтың автотұрағына қатысты ескерту жасалды. Ұйым Гоголь көшесінің бойында орналасқан. Полицияның дерегіне, қонақтардың көліктері жол көлік қозғалысына айтарлықтай кедергі келтіреді. Тізімде «Жаным сол», «Рестобар тед», «Цикуляр»,

Осы тұста дәмхана иесінің қауіпсіздік мәселесіне бас қатырмайтынын аңдаймыз, – делі қалалық полиция басқармасы бастығының орынбасары Ерлан Есенбеков.

Шахназар Салин нақты ойын-сауық мекемелеріндегі күзет мәселесіне тоқталды.

– Сіздер басқарып отырған мекемеде араздасқан, немесе, физикалық күш көрсеткісі келетін меймандарды тоқтататын, сабырға шақыра алатын кәсіби күзетшілер тұруы тиіс. Әсіресе, олардың қызметтік киіміне мән берген жөн.

Кейде күзетшілердің өзі сөз тындамаған қонақтарды төм-



Коллаж жасаған А.Рысақов

Майқудықта 102, Әлихан Бөкейхан ауданында 66, Киров бөлімшесінде 24 дерек.

Талдауға сәйкес, әртүрлі сипаттағы құқық бұзушылықтар жиі орын алатын 9 ойын-сауық мекемесі анықталған. Көш басын Еркеков көшесі, 33/1 мекен-жайында орналасқан «Зима» түнгі клубы бастап тұр. Бұл мекемеден кезекші бөлімге 47 қоңырау түскен. «Алания» караоке клубынан 43 қоңырау, «Концерт» мейрамханасынан 23, «Инфини-

«Хеда» секілді ойын-сауық мекемелері де бар.

– 2024 жылдың 8 наурызында «Хеда» кафеһінде орын алған бұзақылық туралы айта кетсек. Би алаңындағы келушілер арасында қақтығыс орын алған. 18 адамнан тұратын жаппай төбелес болды. Бұл оқиға әлеуметтік желіде жарияланды. «Instagram» желісінде резонанстық сипат алды. «Хеда» кафеһінің өз күзеті болмаған. Бейнебақылау камералары сапасыз.

пештей жөнеледі. Бұл – әлбетте дұрыс емес. Жалпы айтқанда, сапалы бейнебақылау жүйесі мен кәсіби күзетшілерге басымдық беріңіздер. Сонда ғана тәртіп бұзу деректері едәуір азаймақ, – делі Шахназар Салин.

Суретте: Қарағанды қаласы полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Шахназар Салин

Жұмыс жалғасып, жоспар жасалды

Елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғаннан бері Саран қаласында да біршама игі іс атқарылды.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда биылғы көктемгі тазалықтың екпінді кезінде оған меншіктің әр түріндегі 50-ден аса кәсіпорын мен ұйымның ұжымы, қала тұрғындары мен студенттер, оқушылар, жалпы 5 мыңнан астам адам қатысқан.

Олар көшелер мен бақтарды, гүлзарлар мен үй маңын күл-қоқыстан арылтып, ағаш бұтақтары мен гүл күлтелерін кесіп, сол сенбіліктерде жиналған қатты тұрмыстық қалдықтарды



12 арнайы техникаға тиіп, полигондарға жөнелтті. Барлығы 6750 тонна қоқыс қалдықтары сыртқа тасып әкетіліп, рұқсат етілмеген

жерлерден 15 коқыс үйіндісі жойылды.

Енді Саран қаласының әкімдігі бұл жұмыстарды одан әрі

САРАН

Сурет ұйымдастырушылардан



жалғастыру үшін жыл аяғына дейін жоспар жасап бекітті. Сол бойынша автобус паркі мен басқа көлік кәсіпорындары, білім беру мен мәдениет ошақтары, шағын және орта бизнес, сауда нысандары мен базарлар аумақтарын тазалап, жинастыру, алаңдар мен көшелерді абаттандыру, бақтар мен гүлзарларда 4 мың түп ағаш көшеттерін отырғызу, 35 мың тал гүл егу, тағы да басқа көптеген шаруалар қарастырылып, көзделген.

Электрондық пошта: [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

43-21-55  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессор ассистенті, ф.ғ.к. Бабашов Азат Максұтбекұлының анасы **Ермеқбала АМАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өтуіне байланысты қайғырып көңіл айтады



• ҚҰРМЕТ

# Көзден кетсе де, көңілден кетпейді

Қарағандыда Костенко шахтасында қаза тапқан кеншілерге екі ескерткіш орнатылды. Біреуі – Костенко шахтасының жанында, екіншісі – Орталық саябақта. Мүсіншілер – Игорь Баграмов пен Тарас Кишкарев.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық суретші, мүсінші және «Қара майор» құрметті орденінің авторы Игорь Баграмов өткен жылы Костенко шахтасында қаза тапқандарды еске алуға арналған мемориал жобасын бұлтыр бастаған болатын. Жоба дайын болғанда әзірлемені қаза тапқандардың отбасыларына көрсеткен.

Костенко шахтасының жанында орналасқан үш метрлік мемориалдың қаңқасы металдан дайындалған. Ол ескерткіштің іргетасына бекітіледі. Ескерткіштің негізгі материалы – габбро тегістелген кара граниті. Гранитке қаза тапқан кеншілердің есімдері мен апат күні ойылып жазылған. Ал, ескерткіштің пішіні – кенжарға кіреберісті көрсететін жартылай дөңгелек доғасы бар қабырға. Бүйірінде шахтаға кіріп бара жатқан кеншілердің бейнелері бірте-бірте бұлтақ сіңгендей жоғалады.

Ал, мемориал қабырғасында жарықшақ бар. Бұл қайғы мен шерді білдіреді. Ескерткіштің екінші жағында кеншінің бас кнімі ойылып салынған.

Мемориалды айнала гүлдер отырғызылып, жан-жағы абаттандырылған. Сондай-ақ, келген адамдар отыратын сөкілер, жарықтандыру тіректері бар.

Ал, ескерткішті айналдыра қаза тапқан кеншілер санына сәйкес 46 жас қайың отырғызылған.

– Ескерткіш алаңына тастосем төселді. Шағын қоршаумен қоршалды. 340 шаршы метр аумақ жауын-шашын суы жиналмайтынды, көлбеу жерде орналасқан. Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар, яғни, арбадағы адамдар да келе алатындай ыңғайлы етіп жасалған. Қазір жарықтандыру тіректері үшін электр қуатын тарту жұмыстары жүргізілуде. Соңғы атқарылар жұмыс – көгалдандыру. Алдағы бірнеше күнде аумақты



абаттандыру аяқталады, – дейді Игорь Баграмов.

Ал, Орталық саябақтағы екінші ескерткішті Игорь Баграмов пен оның әріптесі Тарас Кишкарев 16 шілдеде аяқтады. Биіктігі 3 метр 20 сантиметр болатын ескерткіш 2006 жылы қаза тапқан кеншілердің құрметіне орнатылған басқа гранит ескерткішінің жанында орналасқан.

– Ескерткішке апаратын шағын жол бар. Тұғыры кара граниттен жасалған және мұнда бірінші ескерткіш сияқты, қаза тапқан барлық 46 кеншінің аты-жөні ойылып жазылған. Бетоннан жасалған мүсін алысқа көз тастап тұрған қарапайым кеншінің бейнесі, – дейді Игорь Баграмов.

Орталық саябақтағы ескерткіш мүсіншілердің жеке қаражаты есебінен жасалды және қалаға қаза тапқан кеншілерді еске алу және кен кәсібіне құрмет ретінде сыйға тартылды. Ескерткіштердің ресми ашылатын күні әлі белгісіз.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың 28 қазанына қараған түні Костенко атындағы шахтадағы жарылыс салдарынан 46 адам қаза тауып, 28 кенші жарақат алған болатын.

Суреттер мүсіншілерден

# Құс үйшігіндегі құндылық

Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай шаһардағы орталық демалыс саябағында кітапсүйер қауым үшін құс үйшіктері орнатылды. Шағын құс үйшіктері жаңа бастама буккроссингке арналып отыр. Орталық саябақ әкімшілігі осылайша тұрғындарға серуен кезінде көбірек кітап оқуға мүмкіндік туғызғысы келетінін айтады. Өзіңіздің оқып болған сүйікті кітабыңызды әкеліп, арнайы ұяшыққа салып, басқа кітапты алуға болады. Бастама осы жүйемен жалғаса бермек.

Шындығында, бұл – дамыған елдердің біразында бұрыннан бар дүние. Етек-жеңімзді жиып, еңсеміз тіктелді. Енді, рухымызды көтеріп, ұрпағымызды патриот болып өсуге жетелеу – кезек күттірмеуі тиіс. Кітап оқып өскен бала зерек әрі көзі ашық болады. Ол үшін алдымен кітап оқуды өзіміз-



ден бастауымыз керек. Осы тұрғыдан бұл – өте тиімді жоба.

Аталған буккроссинг – орталық саябақтың қонақтары үшін тамаша, ең бастысы, өте пайдалы бастама. Буккроссинг термині – кітаптардың еркін алмасуы дегенді білдіреді. Яғни, оқылған кітапты иесі үйінде шаң бастырып қоймай, жаңа иесін табуға жағдай жасайды.

Нақтырақ айтсақ, саябақта бұндай кітап қоюға арналған бірнеше үйшік бар. Олар фотосуреттегі картада белгіленген әртүрлі нүктелерде орналасқан.

– Біз саябаққа келушілер жаздың күндері судың бойында таза ауамен демалып, кітап оқудан тамаша ләззат алады деп сенеміз. Саятшылық үлгісінде жасалған шағын жәшіктерде сіз өзіңізбен бірге алып кететін және серуендеу кезінде оқуға болатын кітаптарды таба аласыз. Барлығын осы бастамаға қосылуға және Орталық саябақта өз кітаптарымен бөлісуге шақырамыз. Өйткені, кітап оқу адамның таным көкжиегін кеңей-

тумен қатар, денсаулығына да пайдасы зор! – деп атап өтті саябақ әкімшілігі.

Қала тұрғындары бұл жаңа бастаманы жылы қабылдады. Тек, қарағандылықтар бұл үйшіктер мен ондағы кітаптардың сақталуына алаңдан отыр.

Дегенмен, қазірдің өзінде байқалғандай, қала тұрғындары «құс үйшіктеріне» мейірімділікпен қарап отырғанын атап өткен жөн. Қоғамдық орындағы ортақ мүлікке құрметпен қарап, оны қорғау да мәдениеттілікке жатады...

Құстарға арналған үйшіктердің кейбіреуіне тұрғындар дән пен нанның үгіндісін салып кеткен. Бастаманы толық түсінбегендер оны құстар үшін жасалған ұяшық деп ойласа керек.

Алайда, қарағандылықтар аталған үйшіктерді жоспарланған мақсат үшін дұрыс пайдалануды сұрайды. Өйткені, саябақта құстарға арналған ұяшықтар бар. Олар бұл үйшіктерге қарағанда биікте орналасқан.

Өз тілшімізден ҚАРАҒАНДЫ

• ТЕАТР

# Астанада өнер көрсетеді

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының елордалық көрермендеріне гастрольдік бағдарламасы дайын. Іргелі ұжым 16-18 тамыз күндері «Астана Опера» театрының сахнасында өнер көрсетеді.

Бағдарламада ересектер мен балаларға арналған қойылымдар бар екенін атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, ұжым оперетта әуесқойларын белгілі шығармаларға негізделген қойылымдарға шақырады. Атап айтсақ, И.Кальманның «Сильва», И. Штраустың «Венециядағы түн» қойылымдары көрерменнің керемет әсерге бөлемек.

Сондай-ақ, Г.Канчелидің «Хануманың қулықтары» музыкалық комедиясын да астаналық талғампаз көрерменнің назарына ұсыну да жоспарланып отыр.

Кішкентай көрермендерге «Күл қыз», «Дымбілмес» музыкалық ертегілері немесе «Бұршақ үстіндегі ханшайым» мюзиклі көрсетілімек.

Өз тілшімізден

• ӨНЕР ӨРІСІ

# Муралда мән бар

Бұған дейін металлургия қаласы Теміртауда «Qazmet» компаниясының стелалары жаңартылып, бұрынғы Ғылыми-техникалық ақпарат үйінің ғимаратының қабырға суреті жасалған болатын. Енді, міне, шаһарда тағы бір мурал салынды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қабырғадағы мурал бір аптадан астам уақытта дайын болды. Нәтижесінде «Qazmet» компаниясы жариялаған байқауға қатысып, елдің ықыласына бөленген композиция осында орналастырылды. Муралда металлургия қаласының кәсіпкерлерінің қызығушылығын көрсеткендей етіп салынған.

Урбанистика орталығының суретшілері Теміртау қаласын ажарландырып, үйлердің сәнін келтіретін тұтас композиция құрастыруда. Бұл – соның бір бөлігі ғана. Мурал екі үйдің біріккен қасбетіне жұртшылыққа көрінетіндей етіп салынған.

Урбанистика орталығы саулетшілер тобының жетекшісі Алексей Волошиннің айтуынша, мұндай тәжірибе – панорамалық көрінісі



бар кітап түріндегі қабырға суреті – орталық ұжымы үшін бірінші жұмыс болып отыр. Жұмыстың атауы – «Жарқын болашақ» деп аталады.

– Әрине, біз жарқын болашақты муралдың өн бойынан, табиғатынан зер салып қарасақ, көре аламыз. Бастапқы идея тапсырыс берушіге, яғни, кәсіпорынға ти-

есілі болды. «Qazmet» компаниясы балалар суреттерінің байқауын өткізіп, 10 үздік жұмысты таңдап, бізге табыстады. Ал, біз сызбаларды қабырға суретіне эскиз етіп

өңдеп, барлық бөлшекті ғимараттардың қасбетіне қолдануға болатындай етіп бейімдедік. Шығарманың тақырыбы – Теміртаудың болашақта қандай болатыны жайлы. Яғни, балалар өз қаласын алдағы уақытта қалай елестететінін салған суреттерінде көрсетті. Қабырға композициясының ортасында – қолына шыны шар ұстаған қыз және болашақ Теміртау. Металлургия қаласы да бойжеткеннің айналасында, қазірдің өзінде бар жаңалығымен көз тартады. Сонымен қатар, муралдан қалалық орта мен онда тұратын адамдарға көңіл бөліну қажеттігі және Теміртаудың қазіргі кездегі шешілуі тиіс мәселелерін көре аласыз, – деп түсіндірді Алексей Волошин.

Сондай-ақ, биыл Қарағанды қаласында да жаңа қабырға суреттері пайда болғанын атап өткен жөн. Урбанистика орталығының жоба жетекшісі Рүстем Қожабаев қазір Бұқар жырау даңғылында тағы бір муралдың жобасы дайындалып жатқанын айтты. Сондай-ақ, алдағы уақытта Гоголь көшесіндегі ғимараттардың бірінен де осындай көрер көзге ой салатын мурал салынады. ТЕМІРТАУ

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. – Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар: Бас редактор: 43-35-37 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерлер: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13 Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJKBK2XХ БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 79 тапсырыс. Индекс 65484

Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ